

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК!

✉ zangazet@mail.ru

№95 (3626) 15 желтоқсан 2023

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ!



Тәуелсіздік – кез келген мемлекеттің басты байлығы. Оған әр халық түрлі жолмен яғни, төңкеріс, соғыс, ұлт-азаттық соғыстар арқылы жетеді. Қазақ елі де сан ғасыр бойы тәуелсіздікке ұмтылды.

(Соңы 6-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Жастар – біздің болашағымыз. «Болам деген баланың бетінен қақпа, белін бу» деген биік ұстаныммен өмір сүрген бабаларымыз талаптыны демеп, талантты ұл-қызына талассыз қолдау көрсеткен. Жаңа Қазақстан құрғалы отырған еліміздің де жастарға сүйенетін, тәуекелшіл жастарға сенім артатын кезі келді. Себебі, жаңаны тудыратын да, жаңалықты жасайтын да, жаңа сүрлеуге түсіретін де – жастар.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



Француздың жалынды ақыны Луи Арагон айтпақшы: «Қарттар өткенін еске алады, жастар арманын жүзеге асырады». Ал сол үлкен армандар шүбәсіз шындыққа айналуы үшін жастардың жолын ашып, бағыт нұсқау, мемлекет тарапынан қолдау көр-

сету маңызды. Әрі бұл мәселемен арнайы бір құрылым, онда да Жастар министрлігі түбегейлі айналысса құба-құп. Шын мәнінде Жаңа Қазақстанға жаңа министрлік – Жастар министрлігі керек-ақ!

Әлемдік тәжірибеге көз жіберсек, Түркия мен Украинада Жастар және спорт министрлігі, Өзбекстанда Жастар министрлігі жұмыс істейді. Яғни, бірқатар елдерде жастар ісімен түбегейлі айналысатын арнайы министрліктер бар. Ал біздің елімізде Жастар және отбасы істері комитеті Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған. Шағын комитет шеңберінде жұмысын жүргізіп отырған құрылым өз міндетін талапқа сай атқарып отыр дей алмаймыз. Комитеттің атауында көрсетілгендей бұл мекеме тек жастар саясаты мен отбасы мәселелерін реттеуге бейімделген. Жастарға байланысты экономикалық, әлеуметтік, спорт пен білімге, ғылым мен бизнеске қатысты жобалар мен қолдау басқа министрліктер шеңберінде шешімін табады. Осының өзі жастарға байланысты түйткілдердің лайықты шешімін таппай отырғанын көрсетеді.

(Соңы 2-бетте)

АР-НАМЫСЫМ – ЖЕЛТОҚСАН!

«ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ»



Жарлы БАЙҒАНИН

– Айтжамал, осы, сен неге ылғи жалаңбас жүресің? – дегенім.

Машина күрт тежелгендей болды да, маған жалт қараған күйі:

– Осы әңгімені қозғаудың бір ретін таба алмай жүруші ем. Ақыры өзіңіз сөз бастадыңыз. Уақытыңыз болса асықпай отырып әңгімелесейік, бір жерге, – деді. Қасымдағы жолдасым екеуміз бірдей бас изеппіз.

– Мен оны рульде келе жатып айта алмаймын...

Айтып ауыз жиғанша демекші, жол бойындағы қаптаған кафелердің бірінің жанына келіп аялдадық. Әшейінде толып отыратын кафенің іші де біраз саябырсыған секілді. Оңашалау бұрышқа жайғасып, жеңіл-желпі ас-суымызды алған соң барып, Айтжамал әңгімесін бастаған:

– 1986. Барыс жылы. Жыл негізі біздер үшін өте сәтті басталғандай болған. Күзде барғанда ауылдан алып келген жап-жаңа суыр тымағымды киіп шығуға асыққан баладай мен де осы Барыстың қысын сағына күткендей күй кешкем. Кейбір демалыс күндері кешкілік айна алдында бір киіп, айналдыра қарап қоятын тымағымды киіп шығуға бала көңілім байыз таптырмаған да болар. Бірақ бұл менің ең соңғы тымағым болар деп ойламаппын ол кезде...

...Алматыдағы қаптаған СМУ-лардың бірінде сыршы-сылақшы болып істеймін. Сырттай КазГУ-дің физ-матында оқимын. Өзім комсоргпін. Сонымен қойшы, «Комсомолка! Спортсменка! Красавица» демекші, менде бәрі бар-тұғын... Өмірдің түбегейлі өзгеруінің өзі болмашы ғана бір сәттерден тұратынын ол кез кім білген?!

Армандаған қысым да келді. Неге екенін қайдам, бірақ маған жылдағыдан өзгешелігі бірден білінген. Тым суық. Ызғарлы...

(Соңы 4,5-беттерде)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қайым-Мұнар ТАБЕЕВ,
журналист-жазушы,
қоғам қайраткері:

«ЖЕЛТОҚСАН – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАЗЫЛМАҒАН ЖАН ЖАРАСЫ»

– 1986 жылғы Желтоқсан қасіреті туралы баспасөзде мақала жазған алғашқы қазақ қаламгерлерінің бірісіз. Бұл оқиғаға билік тарапынан берілген тарихи және саяси бағаға көңіліңіз тола ма?

– Ең алдымен мынаны түсініп алуымыз керек. Ұлы Желтоқсан – бұл тұтас елдің тарихы! Ал, тарихты саясат салқынымен бұрмаламай, сол қалпында жазуды біздер әлі меңгере алмай келеміз. Қазақ тарихында жанар таудай ауық-ауық сілкіне беретін, өзі ғана сілкініп қоймай, өзге көршілес ағайындарға да рухани серпін берген көтерілістер аз болмаған. Арыға бармай-ақ, 1959 жылдың тамыз айындағы Теміртау қақтығысы, 1979 жылдың маусымындағы Целиноградтағы қазақ жастарының ереуілі, Бүкілодақтық толқуға бастамашы болған 1986 жылғы Ұлы Желтоқсан көтерілісі, 1989 жылғы 16-19 маусымда болып өткен Жаңаөзен толқынысы...

Бұл көтерілістердің барлығы да елім дегенде еміреніп, ұлтым дегенде ұран салар кез келген ұлтжанды азаматтың ешқайсысын бей-жай қалдырған емес. Айбынды елдің өршіл ұрпақтары басын бәйгеге тіккен сол бір ауыр кезеңдер жадымызда әлі жаңғырып тұр.

Осы көтерілістердің барлығында да коммунистік «интернационалдық» ұрандармен бүркемеленген отаршылдықтың озбыр қолтаңбасы айқын көрініп тұрды. Сол себептен де, өз жерімізде, өз елімізде тұрып, әділеттік іздеген, сол әрекеті үшін зорлық-зомбылыққа ұшыраған бауырларымызды тоталитарлық режим аямады. Баудай түсіріп отырды. Еш кінәсі жоқ жазықсыз жастар оққа ұшты. Мысалы, 1989 жылы Жаңаөзенде 50 адам ауыр жарақаттанып, оның 25-іне оқ тигені дәлелденді, бесеуі қаза тапты. Желтоқсанда да қыршын болған жастар аз емес. Ату жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбеков, Мырзағұл Әбдіқұлов, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, тізім осылай жалғаса береді.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айталық, статистикалық деректерде көрсетілгендей Қазақстандағы 20 млн тұрғынның 5 млн 727 мыңын жастар құрайды. Санақ кезінде 14 пен 28 жас аралығындағылар саны ғана есепке алынған. Ал 2022 жылдың 22 желтоқсанында қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы заңда жастардың шекті межесі 35 жас деп бекітілгені белгілі. Ендеше, жаңа заңмен қайта есептелер болса, жастар саны елдің төрттен бір бөлігін емес, үштен бір бөлігін құрайтыны ақиқат. Ендеше, мемлекетті алға жетелейтін осындай үлкен қозғаушы күшке неге көңіл бөлінбей, жастардың мәселесін шешу тек шағын комитеттің шеңберінен шықпай отыр?

Керек десеңіз, Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарауында жұмысын жүргізіп келе жатқан Жастар және отбасы істері комитеті өзіне берілген екі салада да нәтижеге жетпеді. Жастардың жұмыссыздығы, жастар арасындағы суицидтің көбеюі, қылмысқа бой ұрған жастар санының өсуі елден бұрын, осы комитетті ойландыруы тиіс болатын. Мұның арты Жастар министрлігін құру туралы бастаманың көтерілуіне ойысуы заңдылық болатын. Өкінішке қарай, әзірге комитет жұмысына көңіл тоқтауға

мәжбүрміз. Ал енді комитетке жүктелген келесі сала – отбасы. Мемлекеттік хал актілерін тіркеу органдарында 2022 жылы 128,4 мың неке тіркелсе, осы жылы 44,5 мың отбасы ажырасып, неке бұзылған. Бұл сан бұрын өзіміз жиі айтатын «Қазақстанда тіркелген әрбір үш некенің біреуі ажырасумен аяқталады» деген жаттанды тіркестен де көп. Мұндағы мысал еткен статистика да комитеттің өзіне жүктелген міндетті талапқа сай орындай алмай отырғанын дәлелдейді.

Рас, Қазақстандағы жастар бүгінде үлкен белсенді топқа айналды. Енді осы білімді, көшбасшы болуға лайық жастардан елге қызмет ететін отаншыл қайраткерлер дайындау кезек күттірмейді. Ал оны дәл қазіргідей бір кішкентай комитеттің, болмаса әртүрлі министрліктерде жұмыс істейтін бөлімдер мен басқармалардың жауаптылығына беріп қойып, алаңсыз отыруға болмайды. Жастар саясаты бүгінде ыңғайы келген министрліктің құрылымына тықпалануда. Соның кесірінен бұл жұмыспен көптеген құрылымдар айналысады. Мәселен Оқу-ағарту министрлігінде Балалар құқығын қорғау жөніндегі комитет бар. Өңірлерде жастар саясаты басқармасы, ішкі саясат, білім басқармасы және тағы басқа жастармен етене жұмыс істейтін мекемелер бар.

Осының өзі біздегі жастар мәселесінің «Қойшы көп болса, қой арам өледі» деген мақалмен үндесіп жатқанын көрсетеді. Соның салдарынан жастарға қатысты жұмыстарда үйлесімділік, мемлекеттік органдар арасында өзара іс-қимыл жоқ. Осыдан келіп ауылдағы жастар да, өзін-өзі жұмыспен қамтушы жастар да мемлекеттік саясаттан шет қалуда. Жастар мағынасыз көше кезіп, криминалға ілесіп, қылмыстық ортаға қызықпауы, ең дұрысы, өскелең ұрпақтың өз әлеуетін ел игілігіне пайдалану үшін мемлекет Жастар министрлігін құруды кешіктірмей қолға алғаны дұрыс.

Ал енді жаңа министрлік қандай болуы керек? Меніңше, Жастар министрлігінің тізгінін жастардың өзіне берген орынды. Бұл ортада жастар отызында орда бұзып, қырық жасында қамал алатынын дәлелдегені абзал. Жастар министрі болған адамның өзін көрсетуіне бес жыл жеткілікті мерзім. Бұдан артық уақыт министрлік тізгінін бір адамның қолына беруге болмайды. Бұдан бөлек, белсенді жастардың өсуіне, өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік беру арқылы біз басқа салалардағы кадрлық тапшылықты жоюға қол жеткіземіз.

Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алматы қалалық сотының судьясы

СОТ СӨЙЛЕСІН

Тәуелсіздік түлеткен сот пен егемендік алғанға дейінгі соттың жағдайын, мәртебесін салыстыру мүмкін емес. Айналырға отыз екі жылдың ішінде әр салада қаншалықты өзгерістердің орын алғанын көзіміз көрді. Сол жаңашылдықтардың ортасында жүрдік. Тәуелсіз соттың қалыптасуына, дамуына барынша үлесімізді қосуға күш салдық.

АЗАТТЫҚ ДАЛА ЗАҢЫН ЖАҢҒЫРТТЫ



Қазақстан Республикасының өз заңнамалық базасы қалыптасты. Тәуелсіз елдің дала заңдарының құндылықтарын бағалап, жаңа заңдардың алғышартына айналдыруға мүмкіндік туды. Соның бірі – «Медиация туралы» заң. Қазақтың ата дәстүріне, құқықтық құжаттардың бастауында тұрған – Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысы секілді дара заңдарына үнілген жұртшылық салттан жаңылмаған ұлтымыздың татулық пен бірлікті, кешірім мен кеңдікті бағдар еткенін жақсы білер еді. Ауыл мен ағайын арасындағы дауды дабыра етпей, бөгде жұртқа білдірмей шешуге бейім болған қазақтың бәле кұмайтын әдемі әдетіне қайран қалатын кезіміз көп. Мұның артында қазақты үлкенді сыйлау, ақсақалдың айтқанына тоқтау мәдениеті жатыр. Одан бөлек, бұл халықтың сөз қадірін білетінін, бір ауыз білікті сөзге тоқтайтынын көрсетеді. Қазақ халқы ғасырлар бойы осы бітімгершілік заңының көмегімен елдегі дауекестіктің жолын кесіп, тентегін түрмесіз-ақ түзеген еді. Өкінішке қарай, кеңес үкіметі тұсында осы қазақы заңдар қолданыстан шықты. Бітімгершілік, дауды мәмілемен аяқтау мүмкіндігі азайды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жоғымызды түгендеуге, барымызды бүтіндеуге қол жеткіздік. Соның арқасында «Медиация туралы» заң қабылданып, дауларды өзара татуласу, бітімге келу, партисипативтік рәсім арқылы шешу механизмі енгізілді. Алғашында тек азаматтық істерде, отбасы, еңбек дауларында

қолданылған медиациялық рәсімдер бүгінде жария-құқықтық дауларда, сонымен қатар, қылмыстық істерде де кең көлемде тәжірибеге енгізіліп жатыр. Қазіргі медиация қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етуге, қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етіп отыр. Медиацияның көмегімен ауыл-аймақтағы ақсақалдар алқасының беделін көтеруге, ел ішіндегі бірлік-берекені сақтауға қадам жасалды. Облыс орталықтарынан құрылған Билер кеңесінің де бүгінде сөзі өтімді, жұрт арасындағы беделі биік. Оны Билер кеңесінің араласуымен шешілген істердің көптігінен анық аңғаруға болады. 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заң он екі жылдың ішінде қоғамға үлкен өзгеріс әкелді. Мықты медиаторлар қатары қалыптасты. Татуластырушы судьялар тараптарды татуластыру, өзара келісімге келтіру бойынша мол тәжірибеге ие болды. Бұрынғыдай емес, адвокаттар қауымы да қорғауындағы азаматтарды татуластыруда белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Осылайша қоғамда азаматтар арасында дауласу деңгейін төмендету, дауды сотқа жүгінбей-ақ реттеу түсінігі орнықты.

Өркениетті елдерде даулар сот талқылауына берілмей тұрып, медиаторлардың қарауына ұсынылады. Медиаторлар көмегімен ортақ мәміле жасалмаған жағдайда ғана істерге сот алаңында нүкте қойылады. Сонда байқалатыны медиаторлар араласқан істердің басым бөлігі тараптардың татуласуымен аяқталады. Өйткені, халық сотта істі қараудың уақыт алатынын, қаржылық шығын әкелетінін, жүйкеге, сыйластыққа сына түсіретінін жақсы біледі. Біздің еліміздің де медиацияның маңызын түсініп, құқықтық түйткілдерді бітімгершілікпен шешуге ынталы жандардың көбейгені қуантады.

Даурен ТЛЕУБАЕВ,
Бостандық ауданы сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ҚҰҚЫҚ

Аға буын мен кейінгі буын қатысқан жиындарда «тәуелсіздік сот саласына не берді?» деген сауал жиі талқыға түседі. Тәуелсіздікпен бірге дүниеге келген жастарға сот ардагерлерінің айтқаны ертегі сияқты. Өйткені, тәуелсіздікпен құрдас – яғни, бүгінде отыз екі жасқа келген азаматтар жаңғырған, жаңарған соттарда еңбек ету бақытына ие болды. Сондықтан ардагерлердің естелігі оларға аса қызық.

СОТ БЕДЕЛІН БИІКТЕТКЕН АҒА БУЫНҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Ал егемендікті енді алған, елең-алаң тұста сот жүйесінде еңбек ету оңайға түскен жоқ. Сот саласына өмірін арнаған аға-апаларымыз ескі ғимараттарда, ешбір жағдайы жасалмаған сот залдарында жұмыс істеді. Қауіпсіздіктің қорғалмауы, жылу мен жарықтың таусылмайтын мәселесі барлық сотта қалыпты көрініс еді. Күнделікті жұмысқа қажет қағаз-қаламды өз қаржысына сатып алып, ескі машинкада сот үкімдерін теруге сағаттап уақытын кетірсе де, судьялар мен сот мамандары ешбір қиындыққа мойымады. Осы еңбекқор жандардың жанкешті жұмысының арқасында қазақстандық сот бүгінгі биігіне көтерілді.

Бүгінде Қазақстанға арнайы келген шетелдік әріптестердің барлығы қазақстандық соттағы оң өзгерістерге таңданыспен қарайды. Себебі, тәуелсіздік алған кезден бастап сот саласының жұмысы халықаралық талаптарды ескере отырып бір жүйеге түсті. Сот беделін көтеруге, судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға қатысты арнайы заң қабылданды. 2000-жылы

қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң соттың үшінші билік екенін бекітіп, қоғамдағы мақсат-міндетін ғана емес, судьялардың тәуелсіздігін, жоғары статусын айқындап берді. Аталған заңның қолданысқа енгізілуімен демократиялық процестегі, құқықтық мемлекетіміздің қалыптасуындағы соттар мен судьялардың рөлі, соттардың құқықтық қорғалуы елеулі түрде артып, олардың әлеуметтік беделі көтерілді.

Үшінші биліктің әлеуетін арттырып отырған бұл заң бүгінде барлық жаңалықтардың темірқазығы. Осы заңға енгізілген толықтырулар мен өзгерістердің нәтижесінде судьялыққа үміткерлерді іріктеу мен судьяларға қойылатын талаптар күшейтілді, судьяларды әлеуметтік қорғау, сырттан ықпал етуге тырысушылар мен судьяларды сыйламағандарға жауаптылық қарастырылды.

Мамандандырылған соттардың құрылуы, алқабилер сотының енгізілуі – қазақстандық соттың жаңғыруына жол

ашты. Мамандандырылған соттардың тәжірибеге енгізілуі судьялардың бір саладағы заңнамаларды зерделеп, ұқсас істерді қателіксіз қарауына, бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға көмектессе, алқабилер соты – қарапайым халықтың судья қызметінің жауаптылығын сезінуіне, адам тағдырын таразылаудың қиындығын ұғынуына ықпалын тигізді.

Бұл саланы енді жаңа технологиясыз елестету қиын. Өйткені, заманауи технология сот жұмысын жеңілдетті, ашықтық, қолжетімділік артты. Мәселен, қазір арыз, шағымдар электронды түрде қабылданып, оған бірден онлайн режімде жауап беріледі. Сол сияқты, қазір азаматтар сотқа бармай-ақ, өз құжатының қозғалысын сырттай бақылау мүмкіндігіне ие. Онлайн қызмет сот қызметінің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Бұл – үлкен жетістік.

Берік ҚОЖАХМЕТОВ,
Алматы облысы мамандандырылған экономикалық сотының төрағасы

ЖАҢҒЫРЫҚ

МЕРЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Шарипа СЫЗДЫҚЫЗЫ,
ҚазҰУ аға оқытушы

Ерлер еңбегі ескерілгені жөн!



Ж е л - тоқсан - ның 16-сы, соңғы сабақ. Сағат 12.00-де аудиторияға орта бойлы, арықтау келген, қара торы, ұртты жігіт кіріп келді: – Сендер журналистер алаңда не болып жатқанын білесіңдер ме? Республикамыздың бірінші хатшысы Д.Қонаевты алып, орнына басқа адам тағайындалыпты. Алаңға халық шығып, наразылық білдіріп жатыр, – деді де, кетіп қалды. Келсек, жиналғандардың көпшілігі жастар. Бейбіт түрдегі кәдімгі митинг. Дегенмен, қазақтар көшеге шығады деп ешкім ойламаса керек. Жиналған жұртты күшпен қуа бастады... Қас қарая Фурманов көшесінен жүретін №100 автобусқа мініп, жатақханаға келдім. Әлі есімде, Марат Кәрібайұлы кезекшілікте екен. Мені тоқтатып, «Саған Мәскеудегі курстасыңнан хат келіпті, оны күзет тексерді. Не де болса абайлап жүр», – деп ескертті. Хат МГУ-дің журналистика факультетінде оқитын курстасым В.Светловтан келген екен. Замандасым «Қазақ жастары есірткі шегіп алып, орны мектептері мен балабақшаларын өртеп жатқаны рас па?», – деп сауал жолдапты. Сұрағы орынды. Өйткені, орталық газеттерде оқиғаны дәл солай сипаттаған. Бұл әрекеттер ұлт-араздықты тудырудың амалы еді. Әрине, ол күндер де артта қалды. Десе де, Тәуелсіздігімізді тойлап, сол кездегі өмірі ойран болған аға-апаларымызды ұлықтау үшін ел ретінде ең бірінші өз бірлігіміз бен ауызбіршілігімізді сақтауымыз керек. Елі үшін аянбаған ерлерге халқының айрандай ұйып отырғанын көруден артық бақ бар ма, сірә?!

Нұрлан НҰРҒАЗИН,
Журналист, академик:

Шын батырлар тасада қалмасын!

1986 жылға дейін Тәуелсіздік ұғымы үш ұйықтасақ түсімізге кірмейтін. Қатқан советтік диктатура. Шыны керек, ол кезде алаңға жастар да тәуелсіздікті емес, ұлт басышының өз ұлтынан болуын қалап шыққан еді. Сондықтан Желтоқсан оқиғасын тәуелсіздік үшін күрес деу қате түсінік. Оның орнына Желтоқсан оқиғасында тәуелсіздіктің алғышарты қалыптасқан кезең деп қараған жөн.

Әрине, желтоқсаншылардың ерлігін естімеген ел некен-саяқ. Десе де сол зұлматтан кейін, тәуелсіздік қолда тұрса да әділдіктің ақ жалауы төбемізде желбірей қоймады. Сенсеңіз тіпті сол күні алаңда болмаған кей тұлғалар да «желтоқсан қаһарманы» атағын алып, бүгінде мемлекеттен түсетін ақшаға мәз болып отырған жайы бар. Оны мен сізге, сол кездегі комитеттің басшысы ретінде айта аламын. Өйткені, «желтоқсан қаһармандарының» тізімі менің де қолымнан өткен. Сонда сол оқиғаға қатысы жоқ адамдар да тізімде жүрген-тіні. Оларды сызып та тастаған едім, дегенмен нәтижесі көңіл қуантпайды. Шын батырлар тасада қалып кетті. Көңілге тиетіні де осы. Тәуелсіздік күнін өз деңгейінде ұлықтау үшін не істеу керек деп жатырсыз. Менің айтарым:

– Өтірік іс-шара өткізудің, той жасаудың түкке де керекі жоқ. Ең бірінші ел іргесін нығайту маңызды. Тілді, мәдениетті, ұлттық құндылықты дәріптеуді өз отбасымыздан бастайық. Түрлі технологияларды меңгерейік, өндірісті дамытайық. Сол кісілердің еңбегінің ақталғанын көрсетейік. Міне, нағыз ұлықтау. Кейінгі жас буын жұмыс жасау үшін шет ел асып, сыртта жүр. Әрине оның да себебі бар. Дегенмен болашағына сенбеген халық ертең ел болмайтынын есте ұстауымыз керек.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мыңдаған адамның тағдыры күйреді, жаны жараланды. Жүректер қан жылады. Намыстан!

Әрине, осының бәрі бізге үлкен сабақ болуға тиіс еді. Бірақ, ешқандай сабақ ала алмадық. Одан кейін де сол қателіктерді сан қайталаумен келеміз. Саз балшықтан тұрғызылған қырық жамау лашықтарын қорғау үшін жанталасып қорғанған кедей-кепшіктің 2006 жылғы «Шаңырақ шайқасында» да, өз теңдігін сұраған мұнайшылардың 2011 жылғы Жаңаөзен көтерілісінде де, 2020 жылғы Қордай қақтығысында да, кешегі Қаңтар оқиғасында да «бұзақылар», «маскүнемдер», «нашақорлар» деп бәріне ақыр аяғында халық кінәлі болып шығады. Неге? Неліктен? Өйткені, билік халықтан бөлініп қалды.

Мен осы сауалдарға алғаш рет 1989 жылы 10 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Желтоқсан жаңғырықтары» атты көлемді мақаламда жауап іздеп көрдім. Содан бері көңілге түйгенім, коммунистер құрған тоталитарлық жүйедегі партиялық номенклатураның қалдықтары биліктен толық кетпейінше, Желтоқсанға тарихи әділ баға берілуі күмәнді.

— **Сіздің сол мақалаңыз қоғамға ашық күнде жай түскендей әсер еткенін білеміз. Отыздан енді асқан жас журналистің сол қадамын батылдық көрінісі дейміз бе, жоқ әлде көзсіздік дейміз бе?**

— Әрине, орда бұзар отызды тым жас деуге келмес, саналы түрде жасалған қадам десең қателеспейсің. Ол кезде Бас хатшы Горбачев та, бірінші хатшы Колбин де, Министрлер Кеңесінің төрағасы Назарбаев та, құзыреті күшті Компартия да өз орнында болатын. Елімізде «қайта құру», «жариялылық» дейтін науқанның екпіні алған кезі. Батыста Жаңаөзен, Балтық елдерінде, Әзірбайжан мен Грузияда үлкенді-кішілі ереуілдер мен толқулар жүріп жатты. Империяға қарсылық! Ал, солардың бастауында тұрған, тоталитарлық жүйенің тоңын жібіткен 86-жылғы Желтоқсанның аты еш жерде айтылмайтын. Қалай десек те, көтеруге лайықты тақырып! Желтоқсан оқиғасын зерттеген Парламенттік комиссияның сарапшылар тобына қосылған соң, бұл ойым бұрынғыдан да беки түсті.

Менің бұл қадамымды әдеби газеттің бас редакторы Шерхан Мұртаза мен редакциялық алқа түгелдей қолдады. Желтоқсан – тек Колбинге ғана қарсылық емес еді. Бұл – бірнеше ғасырлық империялық қорлық пен зорлыққа қарсылық. «Мен қазақпын!» деп қасқая тұрып айта алмай, тілі байланып, аузы буылған азапқа қарсылық! «Өкініштісі, Желтоқсан тағылымы халықтың, жас ұрпақтың өнеге алар рухани қазынасына айнала алмай отыр. Бұл ащы шындық. Күйреген рухты көтеру үшін мұны газетке көрінетіндей етіп бергеніміз дұрыс» деген аға буын қаламгерлердің сөзі бойыма қуат бергендей болды.

Осы күнге дейін оқырманның есінде сақталған аты-шулы сол мақала осылайша дүниеге келді. Оның соңы «Мұзда жанған алау» кітабына ұласты. Алайда, менің «жариялылыққа» сеніп қалып, артық-кем айтылған пікірлерімді билік көтере алмай, қолшоқпарларына иттей талатты. КГБ мен прокуратура соңыма түсіп, айлар бойы тергеуде жүргенім де ешқашан ұмытылған емес. Ол туралы «Прокурормен



Қайым-Мұнар ТАБЕЕВ, журналист-жазушы, қоғам қайраткері:

«ЖЕЛТОҚСАН - ХАЛЫҚТЫҢ ЖАЗЫЛМАҒАН ЖАН ЖАРАСЫ»

жекпе-жек» деген деректі дүниеде толық айтқан болатынмын.

— **Ал, 1986 жылғы Желтоқсанда болған жағдайды әлі күнге дейін біреу оқиға десе, біреу көтеріліс дейді. Бұл туралы сіз не айтасыз?**

— Жоғарыда айттым, Желтоқсан – ғасырлар бойғы қазақтың өткен дәуіріндегі 300-ге жуық бас көтерудің нүктесін қойған ірі көтеріліс. Оны сол ұлт-азаттық көтерілістерден жеке-дара бөліп қарауға болмайды, Желтоқсанның түп негізі – бодандықтың қамытынан құтылу жолындағы сілкініске барып тіреледі. Ал, қоғамда өзің айтқандай «Желтоқсан – көтеріліс пе, әлде оқиға ма?» деген пікірталас жиі өтеді. Біз мұны «Тұран» университетінде, Тарих және этнология институтында өткен бірнеше халықаралық ғылыми конференцияда жан-жақты талқыладық.

КПСС Орталық комитеті әу бастан-ақ «Известия», «Правда» газеттерінде «Қазақ ұлтшылдығының сорақы көріністері» деп атай отырып, 1987 жылғы 16 шілдеде «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысын қабылдағанда «Желтоқсан оқиғасы» деген тіркесті енгізді. Және тарихта солай болып қалды. Ал, Алматыны ғана емес, Қазақстанды түгел шарпыған Желтоқсан «оқиға» аясына сыймайды. Брежнев алаңына шамамен 60 мыңдай адам шықты және сол кездегі 19 облыстың орталықтарында, аудандарда болған жастардың бас көтерулерін қосыңыз. Мәскеу, Иркутск, Новосібірден 18 генерал бастаған 10 мыңнан аса қарулы

әскер әкелінді. Алматының өзінен 16 мың жұмысшы жасақшылары шығарылды. Көтеріліс болмаса, жай ғана оқиғаға осыншалық жазалаушы күштердің не қажеті бар еді?

Желтоқсанның ызғары да жойқын болды. 17-18 желтоқсан күндері 8000-нан аса адам ұсталып, ішкі істер бөлімдеріне қамалды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының 12 ректоры, облыстық партия комитеттерінің 64 хатшысы, қалалық және аудандық партия деңгейіндегі 630 хатшы, бастауыш партия ұйымдарының 1836 жетекшісі қызметтерінен қуылды. Ішкі істер министрлігі жүйесінен 1200 офицерлер құрамындағы қазақтар шеттетілді. Колбиннің пәрменімен екі облыс таратылып, 14 министрлік пен комитет қысқартылды, барлығы 33 мың маман жұмыссыз қалды. Міне, алып республиканы құйындай жапырып өте шыққан Желтоқсан дауылының қысқаша сипаты осындай.

Желтоқсан көтерілісін зерттеген Халықаралық Хельсинки құқық қорғау тобы 1989 жылы «Алматы құбылысы – Горбачев билікке келгелі бергі болған халық наразылығының ең бірінші және жойқын көрінісі» деп атады. Ал, 2005 жылы Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде өткен дөңгелек үстелге қатысушылар «Желтоқсан көтерілісі – Орта Азиядағы ұлттық сана сілкінісінің бастауы» деп жоғары бағалады. Біз де ендігі жерде осы ұстанымды басшылыққа алғанымыз онды болар еді деп ойлаймын.

— **Желтоқсаншылардың қоғамдық ұйымдары арасында әлі күнге дейін ауызбіршіліктің болмауы мемлекет**

тарапынан берілетін бағаға өз әсерін тигізіп жатқан жоқ па?

— Әрине, тигізеді. Желтоқсандықтардың басының бірікпеуі билік үшін тиімді. Замандастарымның осыны түсінбейтініне қайранмын. Біздер, бір топ қоғам белсенділері (Хасен Қожахмет, Аманжол Нәлібаев, кинорежиссер Қалдыбай Әбеннов, т.б. жігіттер бар) 1989 жылы ең алғашқы «Желтоқсан» республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғысын жазып, үлкен ұйым құрған болатынбыз. Әр облыстан делегация келіп, бірінші құрылтайға бес жүздей адам қатысты. Осы ұйымның іргесін бекітіп, күшейтудің орнына өз амбициясына ерік берген «көше қайраткерлері» көш желкенін жан-жаққа тартты. Бұл арада биліктің де астыртын ыдыратуға әрекет жасағаны рас. Содан барып «Желтоқсан ақиқаты», «Тәуелсіздік жастары», «Нағыз Желтоқсан» сияқты адам түсініп болмайтын ондаған желбуаз ұйымдар пайда болды. Ақырында бір мәселе бойынша біреуінің айтқанын екіншісі жоққа шығарып жатады. Бұдан кім ұтып, кім ұтылатыны айтпаса да белгілі ғой.

— **Сөйтіп, соңғы жылдары Желтоқсан қаһарманы болып көріну сәнге айналып бара жатыр деңізші. Бұл неліктен?**

— Ол да осы алалаудың кесірінен туындаған зардапты көрініс. Бізде

қалай, Желтоқсан жақындаған күндері әкімдіктер шақыра бастайды, мейрамханаға дастарқан жаяды, азын-аулақ сый-сияпат үлестіреді. Газетке, теледидарға шығады. Осыны көрген пенделер әлдекімдерден естігендері мен оқығандарын ортаға салып, «ақсақты тыңдай, өтірікті шындай» заулатып «желтоқсаншы» атанып жүр. Олардың заңды құжаты бар ма, жоқ па, шақырушыларға бәрібір. Өздерінің іс-шарасын өткізіп, жоғарыға есеп берсе болды. Жалпы, қоғамның өзі бізде қазір ала-құла боп кетті ғой. Негізінен, Конституциялық соттың Желтоқсан көтерілісі туралы 10 томдық іс материалдары болды. Осында мыңдаған куәгерлердің аты-жөндері айтылады. Алайда, ол аз ғана тиражбен жарық көргендіктен, қоғам нағыз желтоқсандықтардың есімдерін көп біле бермейді.

— **Желтоқсаншылардың арасында қазір «Тәуелсіздік біздің арқамызда келді. Кеңес одағының тарауына біз түрткі болдық. Мемлекет біздің еңбегімізді бағаламады» дейтіндер бар. Бұл қаншалықты негізді?**

— Тәуелсіздіктің жақындауына желтоқсандықтардың тікелей ықпалы бары рас. Жасындай жарқ етіп, Кеңес Одағының ыдырауын жеделдеткен Желтоқсан тақырыбы аса ауқымды, тамыры терең, күрделі тақырып. Ол ең алдымен – мыңдаған адамның тағдыры. Оның маңыздылығын бүкіл әлем әлдеқашан мойындағанда, біздің ақиқатты толық айта алмай, әлі күнге тартыншақтап отырғанымыз ақылға қонбайтын іс. Сол себепті, Желтоқсан көтерілісін, ең алдымен, өзіміз тарихи тұрғы-

дан таразылап, ғылыми тұрғыдан сараптап, саяси тұрғыдан бағалауымыз қажет деп білемін. Желтоқсан жақындағы ресми деректердің дені Мәскеудің мемлекеттік архивінде шаң басып жатыр...

Мысалы, 1995 жылы Ресей Президентінің архивінен З.Камалиденовтің СОКП Орталық Комитетіне құпия жолдаған бір хатын өзім тауып әкелдім. 1987 жылдың 5 қаңтарында жазылған (ЦК КПСС, общий отдел, 06.01.1987 г. №00438 деген белгі соғылған). Хатта «Еңбекшілер желтоқсандықтарды қатаң жазалауды талап етіп жатыр» деп алдын ала байбалам салып, жоғары жаққа жалған ақпар берген ОК хатшысының сұрқия бет-бейнесін айқын тануға болады. Арада небәрі жиырма күн ғана өткен, ізі суымаған Желтоқсанды «ұлтшылдық көрінісі» деп айыптапты. Кейін осы айыптау тіркестер жоғарыда келтіргенімдей, КПСС Орталық комитеті қабылдаған қазақ ұлтшылдығы жөніндегі Қаулыға сол қалпында еніп кеткен. Ресей архивтерінде бұдан басқа да Қазақстан тарихына қатысты құжаттар жетерлік, тек соларды алдыртып, ғылыми айналымға түсіру қажет деп ойлаймын. Үкіметтік қолдау мен қаржы болса, әр жерде шашылған деректік мәліметтер, фотосуреттер, бейне-материалдарды жиыстырып, бір ізге түсіру зерттеушілер үшін қиын шаруа емес. Тәуелсіз еліміздің

жаңарған тарихын жазу үшін бұл бастама артықтық етпейтіні күмәнсіз. Желтоқсанды білу, зерттеу, қастерлеу – бәріміздің парызымыз.

— **Желтоқсан туралы жарық көрген әдебиет, драматургия және кино салаларындағы шығармалардың сапасы туралы да өз ойыңызды білдірсеңіз?**

— Желтоқсан жайлы қазақ қаламгерлері мен журналистердің жазған деректі дүниелері аз емес. Оны баспасөзден оқып, біліп жүрсіздер. Бірақ, көркем әдебиетте толыққанды қамтылды деп айта алмаймын. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Дүкенбай Досжанның «Алаң», Тұрысбек Сәукетавтың «Айқараңғысы» ғана оқырман қолына тиді. Драматургияда Оралхан Бөкейдің «Желтоқсан жөлі» атты спектаклі бар, қазір қойылмай кетті. Кино саласында көп жылдар бұрын Талғат Теменовтің «Қызығш құс» және Қалдыбай Әбенновтың «Аллажар» атты фильмдері жарыққа шыққан болатын. Одан кейін бұл тақырыпқа арналған кинотуынды түсіріліпті дегенді естіген емеспін. Біріншіден, бұл тақырыпты игеруге екінің бірінің қауқары жетпейді. Екіншіден, Желтоқсан тақырыбын көтергісі келетін, халыққа жеткізгісі келетін шығармашылық өкілдеріне мемлекет тарапынан қаржылай қолдау қажет. Бәлкім, ескі Қазақстанның жазылмаған жан жарасын Жаңа Қазақстанда емдеуге тырысып көрміз.

— **Сұхбатыңызға рақмет!**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ІЗДЕУСІЗ КЕТКЕНДЕРДІҢ ҚҰНЫ ҚАШАН ӨТЕЛЕДІ?

Алматы құрылыс комбинатында жұмыс жасап, кешке құрылыс техникумында оқимын. Сол күні сабақтан шығып аялдамада тұрсам, жастардың бәрі алаңға қарай жүгіріп бара жатыр екен. «Жүр-жүрлеп» қатарларына қосып алды. Барсақ, біз ойлағандай жәй шеру болмай шықты. Қаншама жастар алаңда қоршауда тұр. Шетінен келген біздерді әскер қуа бастады. Біздер айналып төменгі жағынан келіп қосылдық. Алаңда ары-бері толқындай тербелген жастар мен әскерлер. Бірде қалқан дубинка, сапер күрегімен қаруланған әскерлер қарусыз жалаң қол жастарды төпелеп ұрып Байсейітова көшесінен Абай көшесіне дейін тықсыра қуды. Біреулер құлап,

қыздар жылап жатыр. Қансыраған жастардың арасымен мен әзер қашып құтылып, жатақханаға келдім.

Ертесінде Бақыт деген дос қызды ертіп тағы бардым. Сол күні алаңның шетінде бір жігіт басынан таяқ жеп, қаны сорғалап құлап жатыр екен. Біз оны сүйреп алып шықтық. Ол дипломатпен құжаттарын жоғалтып, соны іздеуге келіпті. Солдаттардан қашып, әзер дегенде машина ұстап «Аврора» көшесіндегі үйіне апардық. Ата-анасы таңертең кеткен баласын күтіп жүр екен, рақметтерін жаудырып жатыр. Ол жігіт мединститутта 4 курста оқиды екен. Есімі – Азамат. Сол жігітті кейін бір Желтоқсан ұйымының жиналысында көрдім.

Өзінің қалай аман қалғанын айтып «Мені екі қыз құтқарды», соларды іздеп жүрмін деп айтып тұр. Алдында тыңдап отырған мен «Азамат, мен сені алып шыққанмын» деп айқайлап жібердім.

Өзім де сол алаңда қашып келе жатып, тіземді жараладым. Соның бейнетінен әлі күнге аяғым ауырады. Ал Азамат оқуын тәмамдап, Айнабұлақта жедел жәрдемде жұмыс жасап жүргенде сол соққының зардабынан қайтыс болыпты.

Сол азапты күндердің салдарынан қаншама қыздар мен жігіттер аразымдан жастай кетті. Оларды әрқашан есімізде сақтаймыз.

Алма МАКИШЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жастықтың жалынымен ғана елең қылмағанымыздай көрінгенімен, бір түрлі, біздің Алматыға ұқсамайтындай... Сөйтіп жүргенде әйгілі Желтоқсан көтерілісі бұрқ ете түсті. Екі күн бойы алаңнан табылдық. Іштегі қыздарды ұйымдастырып жүрген де өзім. Бір ауылдан алты қыз және көрші ауылдан тағы бір құрбымыз бар. «Снежинка» аталатын жатақханада тұратын «желіккен жетеу» түнімен даурығысып ертесіне құдды бір құда күтетіндей құстай ұшып қайтадан алаңға жетеміз...

«Сор құдықтың басына, сорға бола қонды әкем!» демекші, соңғы күні ұсталатынымыз ұсталып, қамалып, қалғанымыз қан-жоса болып таяқ жеп «балапан басына» бытырап кетіппіз.

Түн. Түнгі аспанды айқұш-ұйқыш тілгілеген прожектор жарығы. Сатыр-сүтұр. Бас ауған жаққа қашып келем. Өкпем өшуге айналды. Бір құласам қайтып тұра алмасымды да іштей жобалап қоямын. Әбден сілем қатып, қуғыншы солдат жақындап қалған кезде бір талдың түбіне басымды қорғалақтай отыра кеттім. Сонда байқадым шәпкем жоқ. Шаштарым сүмелек мұз болып тарам-тарам қатып қалыпты. Маған қарайлап сәл іркілген жігітті қуып жеткен екі солдат ұрып жығып, сүйрей жөнелген күйі, мені дубинкамен сипай бір ұрып кете барды. Қанша отырғаным есімде жоқ. Орнымнан әзер тұрдым. Жүруге де шамам жоқ сияқты. Қалай аман құтылғанмыа таңым бар. Аяғым тастай. Бармақтарым иілмейді. Үстімдегі жасанды тон ұлақтай болып қаудырлай қатыпты. Даладағы ызғармен мұз боп қалған су, ішке әкеліп әрең шешіп, жылу құбырына ілген соң сүмектеп сорғалай бастады. Бағана алаңда өрт сөндіретін машинадан шашылған мұздай судың мұздағы. Тымағым жоқ! Жылап отырып, пешке сүйеген арқам жылу сезіне бастаған сәтте әрең дегенде орнымнан тұрып шәй қойып ішкесін барып, қайта тірілгендей болдым. Ол түні жалғыз жаттым. Қасымдағы қыздар келмеді.

Ертесіне-ақ комбинатта ашық тергеу мен қысым көрсетіле бастады. Жұмыс орнымыз аяусыз жазалауға кіріскен. Арада екі-үш күн өткенде жұмысқа қаптаған қызыл жағалылар келіп, іздестіру шараларын бастап та жіберді. Қолдарында алаңда әртүрлі жағдайда түсірілген суреттер жапсырылған бірнеше фотоальбом. Бәріне қойылатыны бір-ақ сұрақ, «Кімді танысың?!». Сытылып сыртқа шығып үлгердім. Осы кез біреу келіп шынтағымнан тартқанға бұрылып қарасам, бізде бас инженер болып істейтін кәріс жігіті, атын ұмыттым, тегі Пак болатын. Келіншегі шығыстың қызы еді. Содан ба, бізге үнемі іш тартып жүретін.

Мені оңаша алып шығып, келіншегінің дереу қаладан кетіп қалуымды тапсырғанын айтты. Енді не істеймін?.. Жатақханаға да қайтып баруыма болмайды. Барғанда не істемекпін? Тоным жарамсыз болып қалған. Үстімдегі биттің қабығындай ғана күздік жеңіл жасыл күртеше. Бұл біздің Шығыстың шыңылтыр аязы тұрмақ, Алматының өзінде қамсау болып қарық қылмасы өзіме аян. Бас жалаңбас. Қыстығып жылағым да келді. Дәрменсіздік дегеннің не екенін алғаш сонда ұғынғам. Ернімді тістелеп, түнерген күйі соңынан ердім. Азаматқа рақмет, өзінің «Волгасымен» әуежайға әкеліп, самолетке билет алып берді де, Өскеменге ұшырып жіберді. Ару қарай желкерлеп ауылға да жеттім. Үстімдегі жасыл күртешемнің кіп-кішкентай сары жағасын ықтасын еткендей тартқыштап қоямын. Пана іздесем керек. Ар жағынан күннің көзі көрінердей жаға қайдан қорған болсын. Бірақ маған тап сол кез осыдан басқа пана жоқтай көрінген. Аяз бет қариды. Жалаңбас. Құлақтарым қап-қара болып домбығып кеткен. Терісі түсіп жатыр.

Біздің үй тура орталықта орналасқан. Автобекет те, орталық дүкен, пошта дегендерінің

бәрі үйге тиіп тұр. Сол кездегі тілмен айтсақ – Центр.

Ел түгел құлақтанып үлгерген. Үрке қарайтындай. Өзімді шын қылмыскер сезінгендей болдым. Баяғыдай алдыңнан жайрандап шығатын ауылдастың бірі көрінбейді. Бәрі суықты сылтауратқандай бүгежеңдеп, танымаған боп бұрылып кетіп жатқандарын түсіне алмай далмын.

Жүгіре басып үйге келіп кірдім. Бұл жерде де маған ешкім келдің екен деген жоқ. Керісінше, жақтырмағандай ма, жоқ, жатырқағандай ма? Әлде өзім осылай секемшіл болып кеттім бе? Анам киімдерімді түгендеп әлек...

«ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ»

Түпкі бөлмеге өттім де, жастықты құшақтаған күйі бүк түсіп солқылдап жылай бердім. Естіп жатырмын, көрші-көлем жайлап келе бастады. Хабар білмек.

Қособаның басында Төлеген қоштасатын алты қаздай бір ауылдың алты қызының арасынан әзірге мен ғана келіппін. Қалғандарынан хабар жоқ. Ауылдағылар хабарласа алмай алаң болып жүр екен. Олардан мен өзім де хабарсызбын. Жан-жаққа бас сауғалап қашып кетті ме, әлде, қамауда ма екен? Кім қайда жүр, бейхабармын. Соңғы түн алаңдағы сұмдықты көзіммен көргеннен кейін, ештеңе сенімді емеспін. Әйтеуір амандықтарын тілеп Құдайға жалына жыйаймын. Әбілқасенова Мереке (үлкен Мереке), Әділова Мереке (кішкене Мереке), ауылымызда екі Мереке болғасын, осылай үлкен, кіші деп атайтынбыз. Өйткені кішкене Мереке бізден бір класс төмен оқыған. Жүнісова Роза, Жамиғазина Гүлжан, Көкенова Күлнәш, Моханова Гүлжанарлардан ең бірінші болып үлкен Мерекенің анасы келді. Шешемнің: «жатыр ана жақта, басындағы шәпкесі де жоқ» деген зілді сөзін естіген сәтте, «анам емес пе, қайдағы бір шәпкеңі уайымдағанша менің аман келгеніме қуанбайды ма?» деп онан сайын жылай түсем.

Мерекенің анасы болса: «естуімше менің қызым бармаған ол жаққа. Ал егер бара қалған болса, онда сенің қызың ертіп барғаны, менің қызымнан ондай шықпайды», – деп қояды. Бала кезден бірге өскен жан құрбым, кластасымның анасы мынадай сөз айтып жатқан соң, басқалардан не үміт деп мен онан сайын жылай түсемін.

Ол шығысымен ақылдасып алғандай Жүнісова Розаның мамасы да есіктен сөйлей кірді: – Әй, Күлбаршын! (Күлбаршын – менің шешемнің аты. Біз шешемізді тәте дейміз) осы ауыл түгел біледі менің балаларымның жуас екенін. Олардан мұндай қылық шықпайды. Бәрін бүлдіріп жүрген сенің қызың екен. Сол бастап апарған!.. Одан соң кішкене Мерекенің анасы келді. Ол да ұрсып-ұрсып шығып кетті. Сөзін толық ести де алмадым. Әйтеуір ұрсып жатыр.

– Обал жоқ бұларға! – деп қояды.

Менің мына күйім шешеме де қатты батты ма, жоқ, ақталатын сөз таппағаны ма білмеймін, әйтеуір келген-кеткеннің бәріне шәпкемді жоғалтқанымды айта берді.

Кезек енді мұғалімдерге келіпті. Көрші мұғалім Гүлнәр келді. Көңіл-күйі жоқ. Неге бардыңдар дейді, неге, неге?.. Ұғып отырғаным жоқ. Жылай беремін. Қасымда біраз уақыт отырды. Көп нәрсе айтқан сыңайлы. Бірақ бірі де есімде қалмапты.

Сыртқы есік сықырлап ашылған сайын Әзірейіл кіріп келе жатқандай күй кешем. Құдай-ай, адамға өз үйінің де түрмеден артық азапты сәттері болады екен-ау деп ойлап қоямын.

Мектептегі іні-сіңлілерім келеді, шағымда-

нып. Апалары халық жауы екен. Сол үшін кейбір пәндер бағаларын да төмендетіп қоятынға ұқсайды. Бұл не деген масқара?! Мен неге кінәлі болуым керек? Қайта қорған болудың орнына, бүкіл ауыл қаршадай қызды сонша талағаны несі деп таңмын.

Сөйтіп отырғанымда ендігі кезек менікі деді ме, мектеп директоры Бексұлтанов Жеңісхан ағай келді. Амалсыздан аяқ-қолым дірілдеген күйі алдыңғы бөлмеге шығуыма тура келді. Дегенмен, директор аты бар.

– Иә, – деп ыңырана бастады әңгімесін.

– Басқа-басқа, тап сенен мұндайды күтпеген едік.

– Айтшы енді, осы істегенің дұрыс па?..

«ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ»

Неше күннен бері маңдайымнан сипайтын бір жылы алақанға зар болып, неше түрлі сөз естіп отырғаныма ызаландым ба, қайдам. Әлде, анама әлгі бір жоғалған шәпкі құрлы құным болмағанына жүйкем сыр берді ме, білмеймін: – Иә, дұрыс! – дедім нығарлай.

Ол менен мұндай жауап күтпесе керекті, қатты ашуланды.

– Олай болса, қазір 37 жыл болғанда сені ату жазасына берер еді, сен қазір халық жауысың, түсінесің бе?! – деді түсін суытып. Не бір қатты сөздер айтты. Мен де қатайып алсам керек, енді былқ етпедім. Тіпті көз жасым да сарқылып қалғандай. Ол кеткен соң ініне тығылған жаралы аңдай түпкі бөлмеге пештің артындағы орныма барып сазарып отырып алдым. Жылағым да келмеді. Елдің бәріне не көрінген деп қоямын. Туып өскен ауылымның адамдары, ет жақындарым бәрі жабылып айдаладағы бір кәрістің жасаған жақсылығын жасай алмағаны ма сонда? Не болып кетті мына өмір?.. Үйдің іші, пештің арты ыстық. Бірақ менің сол жаураған жаным жылына алмай аласұруда. Неше күннен бері жанымды жылытар бір ауыз сөзге зар болдым-ау. Жұбату деген сөздің де мәнін енді ұққандаймын.

Бұлай қорланғанша өлгім-ақ келген.

Түннің бір мезгілінде, жұрт аяғы басылған соң, жасыл күртешемді желең жамылып, жалаң бас күйі үйден жылыстап шығып бара жатқанымды шешем көрді. Тоқтатпақ тұрмақ, қайда барасың деп те сұрауға жарамады, бірақ. Ойымды оқығандай. Рас, күндіз көршілердің көзіне түспес үшін даладағы әжетхананың өзіне көп бара бермеймін. Жарылып кетсем де шыдап бағамын. Әйтеуір қыстың күні қысқа ғой. Сол абырой. Бұл жолы шешем менің әжетханаға шықпағанымды түсінген сыңайлы. Бірақ соңымнан жүгірмеді. Қой демеді. Әлде, бәрімізді бірдей қинағанша өлсе өліп-ақ қалсыншы деді ме екен, кім білсін?..

Түн суық екен. Шықпай жатып-ақ шымырлатып тұла-бойымды қаусап алды. Дірдектеп келемін. Аяғымда ұлтрақсыз сүйретпе. Табанымнан өткен ызғар мыыма дейін жауратып жіберді. Тезірек өліп қалғым келіп тұр. Бұқтырмаға жақын келдім. Сол, бұйығуды білмейтін, буырқанып, бұрсанған қалпы. Жағалауы қатқаны мен ағыны қатты болғандықтан, ортасы қата бермейтінін білемін. Гүрілдеп жатыр. Өзен жағалай біраз жүрдім. Ортасына да бардым. Бәрібір жан тәтті екен. Өле алмадым. Өлтіре алмадым өзімді. Өзен бойындағы қалың тоғай алаңдағы ыңырсыған, шулаған адамдар сияқты елестей берді. Кері қайтқым да келмейді. Қайда барам? Мені іздейтін бұл ауылдағы жалғыз адам – Апам. Әкемнің шешесі. Өбектейтін сол ғана. Әкем марқұм, осыдан үш жыл бұрын өмірден өткен. Ол тірі болғанда мұндай қорлық көрер ме едім?! Ешкім бұлай басынып, үйге келіп зіркілдей алмас еді-ау, әттен! Қорғансыздың күні деген осы екен ғой?..

Еріксіз кері қайттым. Қайтып келгенімді де шешем көрді. Жаратпағандай. Бәрібір қайтып келдің бе? – дегендей көз қиығымен ғана ұзатып салды. Бірақ үндемеді. Тағы да ұзақ уақыт жылына алмадым. Тұра алаңдағы соңғы түндегідей жаураппын. Мүмкін, сәл мызғып кеткен шығармын? Мүмкін, таңға көз ілмедім? Білмеймін. Өң мен түстің арасындағы арпалыс. Құр сүлдерімді ғана сүйретіп жүргендеймін әйтеуір. Ертеңімді елестетудің өзі мүмкін еместей болып барады. Тіземді құшақтап, иегімді тіземе қойып тістеген күйі өз ойыммен іштей арпалысып отырмын. Бұрын бұлай отырсақ апам ұрысып «ырымға жаман» болады деп тыйып тастайтын. Соны біле тұра «енді маған бәрібір» деп іштей

«ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ»

көрсеткен қарсылығым ба? Әлде, өлсем өліп-ақ қалайыншы дедім бе?..

Сыртқы есік сықыр етіп ашылды, тағы. Енді жыламауға бекінгем. Бірақ кірген кісіні зор дауысынан бірден таныдым да, біткен жерім осы екен деп ойлағам. Түнде өліп қалмағаныма шын өкіндім.

Бұл келген партия мүшесі, халыққа сыйлы, беделді қызметкер, алдына баруға бала тұрмақ, үлкендердің өзі қаймығатын Әділов Сайлаухан деген ағай. Кішкентай Мерекенің әкесі. Ешқайда қашып құтыла алмасым тағы белгілі, безеріп отыра бердім.

Кіре сала:

– Әй, Күлбаршын, қыз қайда, – деді, гүрілдей.

Шығуға қорқып бұйығып отыра бергем. Соны түсінді ме, мен отырған бөлмеге өтті де, қасыма жақын келді.

Басымнан ұратындай болып көрінгесін, екі қолыммен көлегейлей, төбемді жауып төмен шіктеген күйі амандасқан сыңай танытқам.

Керісінше, басымнан сипап тұрып:

– Әй, Күлбаршын! – деп айқай салды. – Тііспе балаға! Біздің қызды қамап тастапты. Қайта қуан, аман келгеніне! Шешесі, Қиша әлі естіген де жоқ. Айтып жүрме. Аузына еге бол! Бүгін өзім барып парт билетімді өткізіп келдім. Баламнан артық емес, әкесінің ауызын! Тек балам аман оралса болғаны...

Сол-ақ екен қыстығып отырған менің көз жасымның тығыны қайта ашылсын. Өкіріп қоя бердім. Неше күннен бері ауылымнан естіген жалғыз ауыз жылы сөз өн бойыма қан жүгіртіп, жаным жылынғандай. Көз жасымды тия алар емеспін. Бірақ бұл жолғы қуаныштың жасы еді.

Әсіресе, өмірден түңіле бастаған сәтімде басымнан сипап тұрып: «бәрі өткінші» дегені орнымнан тұрғызды. Бойыма бір қуат берген. Бір ауыз сөздің де құдіретін сол кез ұғындым!

Сол сөз мені қанаттандырды! Бір күні, үйдегілер көрші ауылға қазаға кеткенде пошташы атай әжемінің зейнетақысын әкеле қалды. Әжемен жалынып сұрап жүрмін. Ол кісі жыларман болып отыр.

– Қайда барасың, ботам-ау, үстіңде жылы киімің де жоқ? Бұл азғантай ақша саған қаншаға жетер дейсін, аштан өліп қаласың ғой, – дей береді. Сосын,

– Әже, егер қазір пенсияңызды бермесеніз, бүгін түнде өзімді өлтіремін, – деп қорқыттым.

– Хат жазып тұрамын. Барған болай да жұмысқа орналасамын, – деп жүріп әйтеуір алдым ақшасын. Көзге шыққан сүйелдей болмай, қалай болғанда да апамдар келгенше қарамды батырғанды жөн көргем.

Содан таңғы жетіде көрші ауылға жұмысшылар таситын автобусқа жармасып, мініп үлгердім. Бәрі маған анттарыла қалыпты. Халық жауына қарағандай. Үнсіз. Менен көздерін алмайтын сияқты. Мен де қозғала алмай қалдым. Мінген бойда ашық-тесік есіктің алдын-



«АЗАППЕН ӨТКЕН БІР АПТА»

1986 жылы Алматыдағы ГПТУ-14 (кәсіптік техникалық училище) училищеді оқитынмын. Курстасым Талғат Әукөбаев екеуіміз «Самал» мөлтекауданында өндірістік практикадан келе жатқанбыз. Алдымыздан үлкен жігіттер шығып: «Ей, батырлар, алаңға неге бармайсыңдар?» – деді. Жастардың көтеріліп жатқанын естіп Талғат екеуіміз ойланбастан топқа

қосыла кеттік. Біз келгенде алаңда жастар ән айтып тұрды. Алаңдағылардың талабы біреу: «қазақ еліне қазақ басшы керек». Бір уақытта жан-жақтан әскерлер қысып, абыр-сабыр басталғанда Талғатты таппай қалдым. Досымды таппай тұрғанымды айтып, бір солдатқа сыртқа өткіз дедім. Сол кезде біреу артымнан итеріп жіберді, қарасам еңгезердей орыс офицері екен, мен де оны итеріп қалдым. Екпіндеп келіп дубинкамен басымнан ұрғанда, шалқалай құладым. Есімді жисам әлгі офицер тепкілеп жатыр екен. Көзімді ашқан бойда солдаттар сүйреп ала жүгірді, бетімді қан жуып кеткен. Сол сүйрегеннен ППС көлігіне бір-ақ тықты. Өңшең алаңда ұсталғандарды әкеп тиіп жатыр. Көлікте Талғатты көрдім. Бір жағынан қуансақ, бір жағынан қорықтық. Ол кезде біз небәрі 17 жаста едік. Бізді қазіргі Алматы аудандық ішкі істер бөліміне алып келді. Бәрімізді жертөлеге түсіріп, бір камераға 20 адамды кіргізді. Күні бойы әрбір 4 сағат сайын тергеу жүргізіп отырды. Бір құжаттарға қол қоюымды айтты, бірақ мен бас тарттым. «Сен КГБ-ның адамын ұрып ауыр жарақаттадың» деген айып тақты, қол қоймаған соң ұрып-соғып жеке камераға отырғызып қойды. Онда 3 күн аш-жалаңаш жаттым. Қарным ашып бір тілім нан беруін сұрап айқайладым. Сол кезде тамақ тасып жүрген бір жазасын өтеуші маған жаны ашып бір тілім нан мен су беріп кетті. Кішкене су ішіп, нан жеп әлденіп алған соң қанша ұрып соқса да шыдайын деп бекіндім. Ақыры ол жерден төртінші күні шығарып, жігіттердің қасына қосты. Жігіттер «нағыз батырсың» деп қолқалап күш берді. Содан қанша күн болғаным есімде жоқ Сизодан босап шығып

жиен әпкемнің үйіне тарттым. Үсті басым қатып қалған қан, өкшесі түскен етігіммен ақсандап келе жатқанда алдымнан әпкем шығып түрімді көріп жылап жіберді. Мені қанша күннен бері іздеп жүргендерін айтты. Содан бір ай бойы үйден шығармай ұстап отырды. Ақыры олар да мені үйінен ұстап алса зиянымн тиіп кете ме деп қорқып жатақханаға қайтуымды өтінді. Содан жатақханаға оралдым. Мұнда да қайдан келдің, қайда болдың деп тергеуге алды. Әр апта сайын тергеуге апарып тұрды. 3 ай өткен соң Мәскеуден келген комиссия мені өз еркіммен Ауғанға әскерге барамын деп арыз жаздыртып алды. 18-ге толғанда әскери комиссариатқа шақырды. Шілденің 7-сі күні мені Челябинскі облысына әскери борышымды өтеуге жіберді. Ол жерде де мені «желтоқсаншы, бүлікші» деп қаншама қыспаққа алды. Жарты жыл дайындықтан соң мені Ауғанстанға жібермекші болғанда Ауған жерінен совет әскерлерін шығаратын бұйрық келді. Содан Германияға жіберді.

Әскерден келе сала КазҰУ-ге қайта құжаттарымды өткіздім, тағы жолым болмады, бәрінің айтатыны желтоқсандықпын. Сол ызғарлы күндерде тартқан азаматының зардабын әлі де тартып келемін. Денсаулығым сыр беріп жиырма жылдан бері дәрігерлік тіркеуде тұрамын. Мені қынжылтатыны қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа желтоқсан көтерілісі туралы шындық, толық ақпарат әлі де айтылмай келеді. Егемендікке кімдердің арқасында жеткенімізді, тәуелсіздіктің қантөгіспен келгенін жастар ұғынса екен.

Ермек БАЙБОЛОВ



«АҚИҚАТ АЙТЫЛУЫ КЕРЕК»

Ол кезде шет тілдер институтының екінші курсында оқитынмын. Таңертеңгілік күндегідей сабаққа келгенбіз. Кураторымыз: «қан өткізіп донор болыңдар, Гоголь көшесіндегі ЖенПИ-дің корпусына барыңдар» деген соң солай қарай тарттық. Аш құрсақ студенттер әлісеріп бастары айналып шығып

жатты. Мен де қан өткізіп шыққан бойда құлап түсіппін. Шапалақпен ұрып оятып, орындыққа отырғызып, қант қосылған 1 стақан қара шай, 2 печенье беріп, есімді жиғызды. Солай, менің желтоқсаным медбикенің шапалағымен басталған болатын. Шысақ көше айғай-шу. Жүгіріп кеп топқа қосылып кете бардық. Киров зауытының жастары екен. Шуылдап танысып та үлгіріп жатырмыз. Жолшыбай қаншама институттың алдынан өттік. Көп жастар қосылды. Үлкен керуен болдық. «Қазақ басшы! Қазақ басшы!» – деп ұрандатып, орталық алаңға да жеттік.

Басында қаракөл папашы бар шинельдегі әскери адам шығып, «Жастар тараңдар! Кешкі 8.00-ге дейін тарқамасаңдар қарулы күш шақырылады» – деп қайта-қайта мінберден айқайлап жатты. Бұл біздің ашуымызды да туғызды. Шу да, ұран да күшейе түсті. Сол кезде «әй, тоқта, мынау біздің институт-

да қақиып тұрған күйі орталыққа жеткенше қозғалмадым. Тесік-тесіктен кеулей соққан ызғырық аяқ-қолымды сірестіріп тастады. Адамдар неткен кәтігес еді деп қоямын. Әйтпесе, сол автобустың барлығы дерлік мені тани-тындар еді ғой. Бір қызығы, араларында түрлі себептермен сотталып келгендері де жоқ емес-тін. Сонда олардан қаршадай мен қауіптірек болғаным ба? Біреуі жылы қабақ танытпады-ау, қайтейін. Жаз болса жаяу да бара салатын жеті шақырымның жеткізбей қойғаны-ай, сол жолы... Одан әрі аудан орталығына. Орталыққа жеткен соң да біразға дейін бойымды жылыта алмадым... Мені жауратқан жалғыз суық қана емес, жылулықтың жоқтығы екенін ол кез ұға

КҮНІ»

алмағам. Қойшы, солай Алматыда жеттім-ау, әйтеуір.

Бірақ бұл жақта мені кім күтіп отыр дейсің? Келген бетте «Снежинка 3» жатақханасына тарттым. Құрбыларымды іздеп жүрмін. Сол желтоқсаннан бері әлі хабарсызбын. Өлі ме, тірі ме, белгісіз. Таппадым. Түсінгенім бәрі де тірі сияқты. Тек түгелдей дерлік жұмыстан қуылған. «Сұрай, сұрай Ұрымға да жетіпті» демекші, сұрай жүріп табыса бастадық. Жылап көрісеміз. Өңгімелерін тыңдасаң менікінен де сорақы жағдайларды бастан өткізген. Таяқ та жеген, түрмеге де қамалған. Не бір азапты көріпті. Бірақ біреуі де мені саптапты!

Бәріміз қайтадан бірігіп бұрынғы жұмыс орнымызға бардық. Қалай болғанда да жұмысқа тұрып, жатақханаға орналасу. Басқа амал жоқ. Ол оңай бола қоймады. Тіпті маңына жолатар емес. Енді қайда барамыз? Ауылдағы туғаның теріс айналғанда, қаладағы азғантай жамағайын саған қалай жылы қабақ таныта қойсын. Көп күндері ашқұрсақ жүреміз. Түнейтін жер жоқ. Топырлап «Саяхат» автобекетін бетке аламыз. Бұл жақта да біз сияқтылар толып жүр. Бір-бірімізді бұрыннан танитын жандардай құшақтасып көрісеміз. Ақыр соңы бәріміз ағайын құсап кеттік. Жігіттер сол жақын маңдағы ет комбинатынан «Либер» деген колбасаны іштеріне байлап ұрлап алып шығады. Таласа-тармаса соны бөліп жеп аламыз. Ішетініміз 1 тиындық «газ вода». 3 тиындық тәтті суын ішуге де тиын санаймыз, қимаймыз. Ыстық пирожки жеу деген біз үшін үлкен мерекеге айналған. Сөйтіп жүріп жұмыс іздеп жүріміз. Еш жер алмайды. Қырсық шалғанда бізді бұл жерден де қуа бастады. Түнімен қашып-пысып ұйқыдан да маза кетті.

Бірінші Алматы жақта бір ауруханада жұмыс бар деген соң, онда да бардық. Сөйтсек ол жерде ауыр науқастардың астын ауыстырып, то-сып, астын жусаң әйтеуір қалған құтқан тамақ пен жатар орын береді екен. Жұмыс табылған-ша деп амалсыз келістік. Санымыз көбейіп кетті ме, жоқ, орыс доғдырлар жағынан әңгіме болды ма, білмеймін, ол жерден де қуа бастады.

Арамыздағы еті тірі жігіттер аэропортқа барып түнеуге болатынын айтқан шұбырып сонда келдік. Топ болып жүруге тағы болмай-ды. Бөлініп-бөлініп екі-үш адамнан әр-әр жерге қисая кетеміз. Кейде тіпті отырып ұйықтап шығатын да кездер болған.

Бір күні түн ортасында «облава» басталды. Милиция тексеріп жүр. Сытылып сыртқа бет-тедік. №92 автобус тоқтап қалған. Таң алды, күн суық. Анадайдан «Ақсұңқар» гостиницасы дегенді көріп солай қарай жеделдете жөнелдік. Барып келісіп көрсек кет әрі емес. Тек бір ғана шарты бар. Бәрін жоғарыдан төмен қарай жуып, тазалап шығамыз, сосын жертеледен ластау біре-кі бөлме береді. Онда да адам жатуға арналған бөлмелер емес, қосымша шаруашылықтарға ар-налған жер. Күй таңдайтын жағдай жоқ, келістік. Милиция мазаламаса, ұйқымыз тыныш болса, соның өзі біз үшін жарты бақыт секілді. Әбден



азып-тозып кеттік. Сөйтіп жүргенде тағы да күз жақындап қалды. Бір күні тәуекел деп бұрынғы жұмыс орнымызға барып сол жерде прораб бо-лыс істейтін Николай Шәріппайлы деген қазақ ағамызды тауып алып, жылап тұрып жағдай-ымызды айттық. Жатқан жерің жайлы болғыр сол кісінің көп көмегі тиді. Бірақ бәрімізді бірдей алғызуға шамасы келмеді. Біз де түсіндік. Көзіміз көріп тұр. Мен мәзбін. Әйтеуір жататын жерім бар. Әбден дымы құрыған қыздар енді не істер-лерін білмей дал. Ауылда да құшақ жаяр ешкім көрінбейді. Үлкен Мереке сол Желтоқсанда алаңда бірге болған, қазіргі жолдасы Бидайбе-ков Сансызбай деген азаматтың етегінен ұстап соның еліне Семейге кетті. Кішкентай Мерекем болса, қазіргі жолдасы Иманқұлов Айдармен Жамбыл өңіріне кетті. Можанова Гүлжанарым Орал жаққа ол кетті. Содан бері хабарсызбыз. Басқа амалдары қалмаған. Бұларды 10-15 тәуліктен отырып шыққандары үшін оқу тұрмақ, жұмысқа да еш жерге жақындатпай қойды.

Мені жұмысқа алғандарымен, қорлауларын тоқтатпады. Сен сол кезде комсомол ұйымының жетекшісі бола тұра өзін ортасында жүрдің де-гендей сйлдаумен ылғи орстардың ортасында Балқашқа ыссапарға жіберді. Кілең алқаш оры-стың ортасына қосып, құрылыс бригадасымен аттандырды. Танымайтын жер. Ылғи орыс. ПМК-нің үйлерін әрлейміз.

Сол жерде салынып жатқан көрші үйде Жел-тоқсанда сотталған қазақ жігіттері істеді. Көбі шығыстікі екен. Үзіліс кезінде солармен балкон арқылы тілдескеніме мәз боп қаламын. Соны байқаған орыстар маған комбинаттан апта сай-ын беріліп тұратын бір шиша арақ, бірнеше қо-рап темекі, кір сабыныма жармасты. Бермесен жаман болады деп қорқытқанды. Амал жоқ, келісуге тура келді. Кір сабынымды бермеймін. Темекіні де көздерінше бір-екі рет шеккен тұр жасап алып қалуға тырысамын. Ондағы ойым ана жігіттерге беру. Ал арақты ала беріңдер дедім. Оларға рақат, жұмыс уақыты аяқталы-сымен, құрал-жабдықтарын тұрған жерлеріне тастап жүре береді. Мен соңына қалып, со-ларды жиып-теріп, жуып барып кетуім керек. Әйтпесе айлығымды кеседі. Амал жоқ, осының бәрін атқарып болған соң ғана, суық түнде, тас қараңғы көшелермен жалғыз өзім дірдектеп жатар орныма әзер жетемін.

Әбден басынатын. Бір күні Балқаштың жаға-сында демалғанбыз, бригада. Бәрі мас. Ішіп алған. Қайсысы екенін байқамай да қалыппын, жағалауда қызықтап тұрған мені үстімдегі киіміммен суға лақтырып жіберіпті. Өліп қала жаздадым. Балдырлы суды сылқытып жұта

беріппін. Көзімді ауруханада аштым. Қорыққан-дарынан жазылар, жазылмастан мені дереу Алматыға салып жіберіпті. Сөйтіп әйтеуір бұл бәлелерден де аман құтылдым.

Бірақ қанша жыл 50 пайыздық жалақымен еңбек еттім. Архивтен алынған айғақтайтын құжатым да бар. Осының бәрін істеп жүргенім-де маған елу пайыз ғана жалақы төленетін. Үйдің кезегі деген айтпаса да бірден жойылды. Бәрібір намысқа тырысып бақтық. Қалайда осы қиыншылықты жеңемін деп түнімен талай подьездерді жуып, газет те тараттық. Мұндай күндері әрине кеш қайтасың. Ол кездерде жатақхана біткеннің вахтасында бір-бір тажал орыс кемпірлері отыратын. Бізде де сондай Беламор атты кемпір болды. Бір қорап темекі әкеліп беріп қана ішке кіре аласың. Басқа амал жоқ. Өз жерінде өгейдің күйін кешіп, үніңді шығара алмай сорлау деген осы екен...

Сөйтіп жүріп-ақ отбасылы болдым. Қы-зым дүниеге келді. Бірақ қуанышым көпке созылмады. Құдай менен бұл бақытын да көп көріпті. Ұзамай нәрестем шетінеп кетті. Одан кейін бала көтере алмадым. Содан ауруханадан шықпадым. Ұзақ емделдім. Қазақстанның қай түкпірінде қандай көріпкел бар, қандай балгер бар, бәрін араладым. Тек арада жиырма бес жыл өткен соң ғана менің дертім табылды. Сол алаңнан кейін қуғында жүргенде декабрист деп дәрігерлердің де салғырт қарауының салдары. Алғаш сәбиімді босанғанда кесар тілігінен кей-ін ішімде тампон, салфетка қалдырып кеткен екен. Соң! Адам ит жанды деген осы екен ғой. Жиырма бес жыл бойы қаншама азап шектім, ол былай тұрсыншы, бала суы бақытынан біржо-лата айырылдым ғой. Түсіне білген адамға әйел үшін будан ауыр үкім болмас! Бірақ керісінше соққы алған сайын қатай түскен секілдімін. Мен жыламауым керек. Керісінше, жылағандарды жұбатуым керек деп үйрендім.

Содан 25 жасында екеуі бірдей суға кетіп қаза болған жас отбасының артында қалған екі қызын бауырыма бастым. Өрине, ет жақындары түгел дерлік бас тартқан соң ғана. Келісіммен. Бұл жерде де кедергі атаулыны керегінше көрдім ғой. Ол ұзақ әңгіме. Рақмет, күйеуім мені барынша қолдай білді.

Медицинамен соттасу да маған оңайға түскен жоқ. Сан мәрте мөргке де апарып экс-пертиза жасады. Екі жыл бойы еш ақы сұра-мастан қасымда жүріп мені қорғап шыққан Тойкин Орынбек деген азамат, Семей жақтың тумасы екен. Ақыры жеңіп шықты! Бұл Жел-тоқсандық болғаным үшін қасақана жасалған қастандық екенін де дәлелдеп берді!

Отаны жасаған, миын орыстың ілімі шайып кеткен Аманжолова Ээуре деген дәрігер: «Она оказывается декабристка! Даже на учете не состоит», – деп мысықлдағаны әлі күнге көз алдымда қалыпты. Өз қазағым мұндай қастан-дық істеп жатқанда, Балқаштағы мас орысқа не деп ренжиін?! Бірақ кейде таңғалатын да дүни-елер болып жатады. Қазақ елі жау санайтын әйгілі Жириновский осы оқиғада менің жағыма шығып, мені қорғағанда өзімнің де таңғалмасқа лажым қалмаған. Сөйтіп, қазаққа қазақтың жасаған бұл қастандығы Жириновскийдің өзін жирендірген-ді! Өйткені бұл іс өте үлкен резон-ансқа айналды. Содан, 2013 жылы 25 майда бүкіл БАҚ жарыса жазып, теледидарлар түгел дерлік көрсеткен шулы мәселе менің пайдама шешілді! Сонда да кешірдім. Бүлінер тағдырым бүлінді ғой, бір әйелге бола зияным бүкіл Еліме тимесін деп тағы да өзімді тоқтаттым. Солай!

Одан кейін екі жыл тұра алмастан аурухана-да төсекке таңылып жатқанымда да кем-кетікке қолымнан келгенінше жәрдемдесіп өтемін деп іштей серт беріп едім, тәубә! Қолымнан келген-ді жасап келемін!

Дегенмен сол, Желтоқсан, суыр бөрік, жалғыз Нәрестемнің шетінеуі – бәрі мен үшін үлкен сын болды. Өмірді қатал сынақ деген рас екен. Әлде пешенеме жазылған тағдырым солай болды ма?! Қасындағылар да осындай сәтте сыналады. Мен қазір адам танимын.

Бір көргеннен-ақ кімнің кім екенін айнытпай білемін... Сондықтан «Тағдырың өз қолыңда» деген тағылымға таласым да көп, үнсіз келісер тұстарым да бар. Мәселе қай уақытта, қай қы-рынан қарауыңда шығар...

Бары осы дегендей Ол үнсіз қалды. Бірақ көз жасын көрсетпеді. Менің де кеңсірігімді өксік кернеп, көзім ашыды. Қалай жұбатарымды да білмеймін. Бар тапқан амалым сол сияқты, бөрі-гімді басына кигізіп едім, шешіп алып сипалаған күйі өзіме қайыра кигізіп:

– Содан бері арада қырыққа жуық қыс өтті. Мен жалаңбасын! Енді қайтып басыма тымақ тұрмақ, бөрік атаулыны кимеуге серт бергем! Еркекшора құсап әлі күнге тек капюшоны бар куртка алатынымның сыры осы. Антым сол, айып етпеңіз... Анам да әлі тірі. Араласып тұра-мыз. Өкпелейтін шығармын, бірақ кешіргем. Кезінде менің кесірімнен жапа шектім деген іні-қарындастарыма да көмектесіп тұрамын. Өтеуі ретінде.

– Тек қанша тырыссам да осы бір оқиғаны ұмыта алар емеспін. Менің жаныма маза бер-мейтін жалғыз сұрақ, қайдағы бір суыр тымақ анаға баласынан жақын болғаны ма? Сол алаңда тымақ тұрмақ, шырқыраған жас та, не бір бас та қалды емес пе?! Басым үспек түгілі, түсіп қалса да енді шапка кимеймін дегенмін, сосын. Кие алмаймын. Шапка кисем алаңдағы шырылдаған жастар есіме түседі. Ұрпағын сатқан, бөрік қақайған ағайлар түседі есіме! Сол үшін де жек көрем шапка атаулыны!

– Сіздің «Шұбаңызды» оқығам. Жалғасы бар, соңынан кеңейтіп жазамын дегесін күттім де. Жазбадыңыз. Сол себепті де, менің осы ба-сымнан кешкендерімді өзіңіздің жазғаныңызды қалағам. Өйткені өз басынан кешпеген адам бұл оқиғаны дәл сол күйінде жеткізе алмайды деп түсіндім. Сіздің жаным кигізген суыр ты-мағыңыз сол болсын, осы оқиғаны жеткізіңізші халыққа. Жо, жоқ, атақ үшін емес. Енді көртей-генде не керек маған ол атақ?! Керек десеңіз атымды өзгертіп беріңіз. Бәріне келісемін. Тек ел білсін! Мен сияқты қанша жастың қалай қи-налғанын, қалай өздерінің де сол жауыздарға қосыла балаларын талағанын түсінсін, білсін! Мүмкін кейбіреулер ұялар?..

Нашақорлар мен алқаштар деген атаумен қаншама азап көргендердің ешқандай да жалған ұлтшыл емес, ел үшін, жер үшін шын шырылдап, асқақ армандары аяққа тапталып жатса да, сағы сынбаған ұрпақ екенін жет-кізіңізші халыққа. Қаншама жастың тағдыры талқандалып, мен сияқты қаншама қаракөз қарындастарыңыз ана болу бақытынан айы-рылды.

Соның салдарынан қаншама адам ұрпақсыз өтті бұл дүниеден. Сүлейменова Клара деген бір құрбымыз, ол да біздің ауданнан, сол жел-тоқсанда басынан алған соққы салдарынан қайтыс болды. Неше мәрте ота жасатқанымен, еш көмегі болмады. Бұдан асқан қандай жа-уыздық болуы мүмкін?! Осыны жеткізіңізші, өтініш...

Ол тағы да үнсіз қалды.

– Жолдасыма қарасам, жанарын жас жуып кетіпті. Бұл да «декабрист». Кішігірім көрген қиыншылығы да жоқ емес. Бірақ Айтжамалдың айтып отырғаны...

Бөркімді мығжылап, киер-кимесімді білмей мен тұрмын...

«Шапка кисем алаңдағы шырылдаған жастар есіме түседі. Ұрпағын сатқан, бөрік қақайған ағайлар түседі есіме! Сол үшін де жек көрем шапка атаулыны!»

Осы сөйлемдер менің де жонымнан осып өт-кендей. Есіме өзімді қорлағандар мен қорғаған-дар түсті. Қаралағандар көөеп-теу көрінді. Иә, қазіргі күні социализмнің кереметі деп дәріп-теліп жүрген безбүйрек қоғамның шынайы бет әлпеті, сиқы осы болатын.

Ал сол заманда «Қорғансыздың күні» мен «Бақытсыз Жамалды» жаздырған уақытқа лағынет айтып өскен «бақытты Айтжамалдар-дың» армандары асқақ еді, бірақ?!

Алғашқы сұрақтарым

тың кішкентай қыздары ғой?! Қазір топтың аяғының астында қалып қоя-сыңдар» деп бізді үлкен курстағы жігіттер иықтарына мінгізіп бал-конға шығарып жіберді. Ұзыннан ұзақ балкон екен. Алаңдағы шеруді тамашалау үшін арнайы салынған балкон болса керек. Ақ үй де, алаң да алдымызда анық көрініп тұр. Екі жақ шетті қоршап тастаған. Жастармен қоса өрт сөндіргіш ма-шиналар, солдат, милициялар түгел анық көрінеді. Алаңның екі шеті де жабық. Шынымен жайпап келеді. Не сұмдық, не істемекші мыналар? Не шығармайды, қоршап алып қыра ма? Студенттерде қару да жоқ. Бір кезде тура қасымызға сол балконда қолында үлкен камерасы бар «Мен венгр азаматымын» деген біреу келіп бізге біраз сұрақтар қойды. Жауап беріп жатырмыз. «Камера-сына түсіп қалдық, қаштық!» деп бір қыз айқайлады, артынан жүгіре жөнелдік. Ұзын балконның бір жақ шеті баспалдақтармен жалғасқан екен, сонымен жүгіріп көшеге түстік. Түн жарым. Көліктерді де тоқтатып тастаған. Жүгірген күйі жатақханаға келдік.

Ертесіне де көшеден: «қазақтар шығыңдар! Жастарды қырып жа-тыр!» – деген айғай естілді. Тағы

да алаңға кеттік. Жолшыбай сту-денттер қосылды. Жазушылар одағына келіп айқайладық, «Ол-жас, Мұхтар ағалар» деп. Ешкім шықпады, қармен, таспен жазушы-лар үйін атқыладық. Көшеде көмек сұрап жүгірген студенттерден басқа жан жоқ.

Алаңға беттедік. Жақындай бер-генімізде қан жоса, басы жарылған жігіттер, қыздар. Бізге «қыздар, таыңдар» деп жаралы жігіттерді әкелді. «Немен таңамыз?» деп айқайлаймыз. «Әне, аптека» деп бірі аптекаға жүгірді. Біз де кірдік. «Выгоните их!» деп айқалап жатқан орыс кемпірлер. Ой, мә саған, деп бір жігіт бар пәрменімен белден келетін тақтайды теуіп түсірді. Ал, ал деп айғайлады. Қалтамыз-ды йодпен толтырдық. Қойнымды мақта, дәкеге толтырып жүгіріп шықтым. Әкеліп жатыр, әкеліп жатыр... Қолы, басы, беті, көзі жа-раланғандар. Білгенімізше йодты мақтаға құйып, таңып жатырмыз.

Бір кезде, «сапқа тұрыңдар, сапқа тұрыңдар, қыздарды ортаға алайық» деген айқай естілді. Түсін-бей қалдық. Бір қарасақ ортада екенбіз. Қыздар тоқтамай жүгірің-дер, сендер тоқтасандар біз сендер-ге шалынып құлаймыз деді.

Қазір топпен, саппен жүгіріп екпінмен ана төрт қабат болып сол-дат, милиция қоршап тұрған құр-сауды артынан соғып, бұзып кіреміз деді. Қоршаудағыларды солай ғана құтқара аламыз! Жүгірдік. Шы-нымен де, қоршауды артынан бұзып кірдік. Артымыздағы әскерилер ду-бинкамен ұрып үлгеріп жатыр. Бір кезде шалып құлатты, етбетімнен түстім. Екі аяғымнан ұстап дрыл-датып сүйреп кетті. Курткамның астынан сулы қар арқама толды. Алаңнан шыққанша сүйреп әкеліп екі ығымнан екі солдат тік кө-терген күйі сары автобусқа бір-ақ тықты. Автобус жүріп кетті. Қолда-рында рация. Фрунзенский РОВД-ға деп айқайлап қояды. Автобустан тура түрме туралы кинодағыдай екі қолымызды артқа қайырып, еңкей-тіп түсіріп, жүгіртіп кіргізді. Атымыз, фамилиямыз, институтымыз туралы деректерді де үлгеріп жазып жатыр. «Мест нет, загород отвести» деген соң, сол еңкейген қалпымызда қайтадан автобусқа тиеді. Қаланың сыртына шығарып атып тастаймыз деп қорқытты. Қорқып жыладық. Рация Калининский РОВД деп ай-қайлап жатты. Тура солай еңкей-ген күйі РОВД-ға жүгіртіп кіргізді. Қолдарында автомат, арсылдаған

овчарка иттер. Сол жерге әкеліп қа-мады. Мұнда да толған студент. Ке-лесі күні тергеуге аларды. суретке «Зачем пошла на площадь?!» деді. «Қазақ должен быть!» дей беріп едім жарға жабысып қалғандай болдым. Ауыр соққы арқамнан сарт етті. Есімнен танып қалыппын. 2 күн жаттым. 2 күннен кейін институттан келіп, сұрақ-жауап кезінде жазға-нымды өзгертіріп шығарып алды. Еңкейтіп қолымды қайырып шығар-ды. Дәліздің екі жақ беті қарулы солдаттар. Сол аралықты жүгіртіп өткізеді. Арсылдаған ашулы иттер бетімді жұлып ала ма, штык пы-шақтары кіріп кете ме деп, еңкейген қалпымда түп-түзу жүгірдім. Шыға бере қолымды жібере салып бір-ақ тепті. Қалпақтай ұштым. Біреулер бас салды. Бақырып жатырмын тағы ұрады деп. Ғалия, Ғалия біз-біз деген дауыс естідім. Үлкен курста оқитын жігіттер екен. Куратормен келіп, іздеп тауып жинап жатырмыз деді. Көшеде коменданттық сағат енгізілген. Ит жетектеген солдат-тан басқа адам жоқ. Жатақханаға келдік. Арқам ауырады. Қыздар арқанда дубинканың көкпеңбек ізі бар деді. Кешкісін жатақханада рейд жүріп, шешіндіріп тексеріп, көгерген, сынған басы жарылған-

дарды қайта ұстап әкетті. 1-ші күн әжетханаға тығылдық. Екінші күн тағы тексеріс. Бұл жолы бұлтара алмадық. Ұсталдық. Мен де кеттім, қайтадан....

6 ай бойы конвоймен тергеуге барып жүрдік. Институттан, ком-сомолдан шығарды. Маусым айын-да әупірімдеп жүріп оқуға қайта қосылып, қысқы жазғы сессияны қосып, шатып-пұтып тапсырып шықтық. Тамыз айында үйге баруға Алматыдан шығуға рұқсат қағаз берді. Солай, ауылыма әзер жет-тім. Ата-анам қызымыз аман-есен табылды деп, құдайы тамақ беріп жатты. Атам Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері болатын. Таяғымен шұқып, сол орыс солдатымен бір шинелдің астында ақ қар, көк мұзда соғыстық деп зекуден жаңылма-ды. Орысқа емес, өкіметке қарсы шықтық десем түсінбеді. Сол мені жек көрген күйі қайтыс болды ма екен атам, кім білсін... Әкем түсінді. Кәрі кісі, неғыласың айтысып деді де қойды. Бірақ тергеу аяқталмады, ең соңғы рет тергеуге 1990 жылы желтоқсан айында тағы шақырыл-дым.Сол тергелген құжаттардың бәрі Президент архивінен табылды.

Ғалия МҰРЗАТАЕВА

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сыртқы жаулармен соғыстардағы басты мақсат – тәуелсіздік пен азаттыққа қол жеткізу еді. Бөгенбай, Қарасай, Райымбек, Қабанбай, Бөкенбай және тағы басқа бахадүрлер осы жолда шейіт болды. Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымов, Досан Тәжіұлы бастаған көтерілістер де азаттықты аңсаған елдің бұлқынысы еді. 1986 жылы 16 -18 желтоқсанда болған қозғалыс осы күрестердің заңды жалғасы болатын. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдап, республиканы тәуелсіз мемлекет жариялады. Еліміз көптен күткен еркіндігін осылай ресми түрде дәйектеді.

Елімізде қазақстандықтардың лайықты әрі бақытты өмір сүруі үшін, сапалы білім, жоғары білікті медициналық көмек алуға, жұмыс істеуге, ақша табуға, бала өсіруге және олардың болашағын құруға мүмкіндік беретін ең маңызды әлеуметтік институттар құрылды. Мұның бәрі Қазақстанның бүкіл даму кезеңінде қабылданған аса маңызды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың арқасында мүмкін болды. Олар елге заманауи шындыққа бейімделуге, жаһандық сын-қатерлерге жедел және нақты жауап беруге, проблемаларды тез шешуге және одан әрі даму қадамдарын жоспарлауға жол ашты.

Тәуелсіз Қазақстан демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасты. Көппартиялық жүйе мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы қоғамдық дамудың заңды құбылысына айналды. Бұқаралық ақпарат құралдары идеологиялық бақылау мен цензурадан алыстады. Қазақстан тәуелсіздігінің халықаралық кеңістікте де маңызы зор болды. Өйткені, Шығыс Еуропа мен Батыс Азияның түйіскен жерінде жаңа демократиялық мемлекет пайда болған еді. Сондықтан Қазақстанды әлемнің көптеген жетекші елдері тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. Ең алғаш болып, әлемнің бірінші дамыған державасы саналатын



АҚШ, артынша Қытай, Ұлыбритания, Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран мемлекеттері ресми мойындады.

1992 жылдың наурыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі болды. Республика ұйымның жарғысын мүлтіксіз орындауға міндеттеме алды. Бүгінде Қазақстан – БҰҰ, ТМД, ЕАЭО, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ЭЫҰ сынды интеграциялық құрылымдарға терең және тиімді қатысуға бағытталған стратегиялық бағытты дәйекті түрде жүргізіп келеді және осы елдермен екіжақты ынтымақтастықты дамытуда.

Мәдениеттің, салт-дәстүрдің, тілдің қайта жаңғырып, дамуына, ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына жағдай жасалды. Большевиктік билік жылдарында елден кетуге мәжбүр болған қазақтарға тарихи отанына оралуға мүмкіндік туды.

«Мемлекеттің тәуелсіздігі жай ғана декларация емес. Нағыз Тәуелсіздікті құру – күнделікті тынымсыз еңбек, тексерілген және дәйекті саясат. Біз жаһандық әлемде қуатты, тәуелсіз мемлекет болған кезде ғана ұлт ретінде аман қаламыз. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» – бұл сөздер біздің ұранымызға айналуы тиіс», – дейді ел Президенті Қ. Тоқаев. Бұл сөз әр қазақстандықтың мақсаты болу керек. Бүгінде әділетті Қазақстан құру жолындағы реформалар да Тәуелсіздігіміздің баянды, тұғырлы болуының кепілі.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МҰРА

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Тіл– мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ескерсек, мемлекеттік тілдің мәселесіне, мәртебесіне бейжай қарамауымыз қажет.



Снежана ШУКУРОВА,
Ақтөбе облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Осы орайда соңғы жылдары қоғамымызда тілге қатысты көп ұсыныстар айтылып жатыр. Олардың барлығы дерлік қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған.

Ұлттық тіліміздің мәртебесі «Тіл туралы» заңның 4-бабында айқындалған. Онда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы»

деп жазылған. Демек мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асқақтату басты мақсат болуы шарт.

Азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерді қарау кезінде сот ісін жүргізу тілінің тәртібі, сәйкесінше ҚР Азаматтық процестік кодексінде, Қылмыстық-процестік кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде нақты көрсетілген. Осылайша, заңдық тұрғыдан тіліміздің құқығы толық қорғалған.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады», деп тілге қатысты өз ойын жеткізген еді.

Тілге қатысты бағытымыз айқын, ұстанымымыз берік. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Сондықтан әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктету басты міндетіміз. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасатын құндылық және кез келген елдің ұлттық мақтанышы. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғамымыз басқа тілді үйренуге еш шек қоймайтыны белгілі. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр азамат атсалысып, өзінің салмақты үлесін қосар болса, мемлекеттік тілдің мәртебесі биіктей бермек!

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Қазақстан Республикасы Сот Әкімшілігі басшысының 2023 жылғы 12 желтоқсандағы өкімімен Сот әкімшілігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы болып Айдар Тыныбаев тағайындалды. Жаңа басшыны ұжымға ҚР сот әкімшілігі басшысының орынбасары Жантемір Шакиев таныстырды.

ІСКЕ СӘТ!

Айдар Тыныбаев 1981 жылы 1 қазанда Шымкент қаласында дүниеге келген. 2006 жылы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясын, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1998 -2010 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаментінің жедел уәкілі қызметінен бастаған. Кейіннен әлеуметтік саясат және мемлекеттік органдарды дамыту бөлімінің бас сарапшысы, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма орынбасарының кеңесшісі, «KEGOC» АҚ экономикалық

даму департаментінің бас маманы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ корпоративті хатшы, бас менеджері қызметтерін атқарған. Әр жылдары «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» операциялық қызмет департаментінің директоры, «ҚазЭкс-портГарант» АҚ Басқармасы төраға орынбасары, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ аппарат басшысы, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының кеңесшісі, аппарат басшысы болып байтәжірибе жинаған. Кейінгі жылдары



«Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ бас директорының орынбасары, «Астана Тазалық» ЖШС-нің басқарушы директоры қызметін абыроймен атқарды.

Сот әкімшілігі басшысының орынбасары Жантемір Шаймұратұлы А.Тыныбаевты қызметімен құттықтап, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) және дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізілді.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚОРҒАУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Жүргізілген сауалнама нәтижесіне сай халықтың ақпараттық қауіпсіздікке (киберқауіпсіздікке) және дербес деректерді қорғауға төнетін қатерлер туралы 80,4% хабардар екені айқындалды.

Тұтастай алғанда, ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) және дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша социологиялық зерттеу нәтижелері азаматтардың күнделікті өміріндегі ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінің өсіп келе жатқанын көрсетеді:

- фишинг әрекеттерін тану қабілетінің деңгейі – 74,64%-ды құрады;
- халықтың 90,52% әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде жеке ақпаратты қорғау туралы біледі.

КИЕ

ҚАЗАҚТІЛДІ АУДИТОРИЯНЫҢ САЛМАҒЫ АРТТЫ

Соңғы жылдары қоғамымызда қазақтілді аудиторияның үлес салмағы артқаны айтарлықтай сезіліп отыр. Осыны ескеріп, қазақтілді ортаның сұранысын қанағаттандыру үшін қазақ тілді мектептер мен балабақшалардың санын артырумен қатар, сот процестері де қазақ тілінде өте бастады. Өйткені, арызданушы қай тілде арыз тастаса, сот процесі сол тілде өтеді. Сәйкесінше қазақ тілділердің де мемлекеттік тілде өз құқығын қорғауға ынтымақ оянып келеді.

Жалпы құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік тілдің қолданысы қоғамда үнемі алаңдаушылық тудырып келеді. Себебі, тап осы мәселе қазақ тілінің мәртебесіне ғана емес, сотқа тартылатын азаматтар құқығының өз деңгейінде қорғалуына да ықпал етеді. Орыс тілін жетік білмейтін азаматтың тіл білмеуі салдарынан құқығы бұзылса, бұл олардың сеніміне сызат түсіреді. Сондықтан сот процесінің қай тілде өтуін азаматтардың еркіне салуы өте дұрыс шешім.

«Тіл туралы» заңның 4-бөлігінде: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық

қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі» деп бекітілген. Оның бер жағында Азаматтық-процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп анық көрсетілген. Демек, әр адамның өзі қалған тілінде сот ісін жүргізуіне мүмкіндігі бар. Ал соттарымыз бұл талапқа негізделген. Соңғы жылдары елімізде заңдардың орыс тілінде әзірленіп, мемлекеттік тілдің аударма тіл деңгейінде қалмауы да жиі сөз бо-



Амангелді КАЛМУХАМБЕТОВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

лып жатыр. Демек қазақ тілі құқық жүйесінде өз деңгейінде қолданылуда. Жалпы, жыл қорытындысы бойынша қазақ тілінде қаралған істердің жыл санап артуы көңіл қуантады. Ұлт бояуы тілінде. Ұлттық болмысымыз бен ерекшелігімізді өз қалпында сақтағымыз келсе, тіл мәселесіне бейжай қарамау парызымыз! Қазақ тілінің иесі де, жоқтаушысы да – өзіміз. Егер оны өзіміз қолданбасақ, ол басқа ешкімге керек емес.

МЕРЕЙ

ЕРКІНДІКТІҢ ТУЫ ТӨМЕН ТҮСПЕСІН!

Егемен еліміздің тәуелсіздігі – халыққа ғасырлар бойы арман болған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс.

Бүгінде елді жігерлендіретін Әнұранымыз, мақтанш сезімін ұялататын Елтаңбамыз, ерлікке жетелейтін Туымыз, экономикалық дербестігімізді танытатын төл теңгеміз бар. Әлем картасындағы «Қазақстан Республикасы» деген атау еліміздің әр азаматының төл құжаты іспеттес. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзіндегі барлық елдерге түгел дерлік танылды.

Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Мыңжылдықтар тоғысар тұста тәуелсіздік таңын көру бақыты біздің

замандастардың пішесіне жазылды. Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде жауапкершілік жүгін артты. Халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, мәңгілік ел болуға бет бұрды.

Биыл рухы асқақ, тұғыры биік мемлекетімізге 32 жыл толды. Біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың мекеніне айналды. Бүгінгі күні еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз – Қазақстанды құрметтеу сезімін әр азаматтың бойында қалыптастыруға тиіспіз.

Майра БАУБЕКОВА,
Түркістан облысының Әділет департаменті әкімшілік бөлімінің бас маманы

47. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тұтынушыларды суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін тарифтер мен төлемәкілар мөлшерін енгізу туралы хабарлар етеді:

сумен жабдықтау қызметтеріне 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңының 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы негізінде ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 20 қаңдардағы №1117-НҚ бұйрығына сәйкес бір жыл мерзімге уақытша өтемдік тариф;

2024 жылға «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңының 22-бабының 1-тармағының 1), 4), 5), 9-2) тармақшалары негізінде ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 23 маусымдағы №959-НҚ бұйрығына сәйкес су бұру қызметтеріне мынадай мөлшерде:

Тұтынушылар топтарының атауы	Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 20.10.2023 ж. №1117-НҚ бұйрығы бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтер	Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 23.06.2023 ж. №59-НҚ бұйрығы бойынша су бұру қызметтеріне тарифтер	Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 23.06.2023 ж. №59-НҚ бұйрығы бойынша су бұру қызметтеріне тарифтер	Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 23.06.2023 ж. №59-НҚ бұйрығы бойынша су бұру қызметтеріне тарифтер
теңге/ м3, ҚҚС-сыз	теңге/ м3, ҚҚС-мен	теңге/ м3, ҚҚС-сыз	теңге/ м3, ҚҚС-мен	теңге/ м3, ҚҚС-мен
1 топ – жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемдері және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп топтары көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шығындар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	50,42	56,47	29,23	32,74
2 топ – өзге де тұтынушылар – бірінші және үшінші топқа кірмейтін заңды тұлғалар;	278,50	311,92	120,46	134,92
3 топ – бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар;	173,08	193,85	79,79	89,36

Суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне төлемәкі мөлшерлері:

№	Көрсеткіштердің атауы	Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 20.10.2023 ж. №117-НҚ бұйрығы бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне ақы мөлшері		Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 23.06.2023 ж. №59-НҚ бұйрығы бойынша су бұру қызметтеріне ақы мөлшері		
		теңге/ адам айына ҚҚС-сыз	теңге/ адам айына ҚҚС-мен	теңге/ адам айына ҚҚС-сыз	теңге/ адам айына ҚҚС-мен	
1	Көшедегі бағандарынан суды талдау	37,82	42,36	21,92	24,55	
2	Су құбырымен және көрізбен жүйесі бар, ваннасыз	151,26	169,41	87,69	98,21	
3	Су құбырымен және көрізбен, газбен жабдықтаумен немесе қатты отынмен жұмыс істейтін, ваннасыз	189,08	211,77	109,61	122,76	
4	Су құбырымен және көрізбен, қатты отынмен жұмыс істейтін су жылытқыштары бар ванналармен (моншалармен)	226,89	254,12	131,54	147,32	
5	Су құбыры және көрізі бар, орталық ыстық сумен жабдықталған, қол жуғыштармен, жуғыштармен, душтармен жабдықталған	242,02	271,06	140,30	157,14	
6	Су құбырымен және көрізбен, ванналармен (моншалармен), газ және электр су жылытқыштарымен	302,52	338,82	175,38	196,43	
7	Орталық ыстық сумен жабдықталған су құбыры және көрізі, душпен жабдықталған отыратын ванналары бар (моншалары) бар	294,96	330,36	171,00	191,52	
8	Су құбыры және көрізі жүйесі, ванналармен (моншалар) жабдықталған, орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау желісі бар	423,53	474,35	245,53	274,99	
9	Ыстық сумен жабдықтау өндірісі үшін жылу алмастырғышпен жабдықталған су құбыры және көрізі бар жабық ыстық сумен жабдықтау жүйесі бар көп пәтерлі тұрғын үйлер (ЖЕК болмаған кезде)	Суық сумен жабдықтауға	423,53	474,35	245,53	274,99
		Ыстық сумен жабдықтауға	158,82	177,88	92,07	103,12
Ыстық суды бұру қызметтеріне						
10	Су құбыры және көрізі жүйесі, жуғыштармен, душтармен, ванналармен (моншалар) жабдықталған, орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау желісі бар			92,07	103,12	

№	Көрсеткіштердің атауы	теңге/а сотка айына ҚҚС-сыз	теңге/а сотка айына ҚҚС-мен
Сумен жабдықтау қызметтеріне			
1	Бақшаларды суару	504,20	564,70
2	Бақты суару	302,52	338,82

*Ескертіле: жер телімінің бір 0,01 га үшін тұтыну нормасы, суару бойынша деректер суару кезеңі үшін есептеледі (15 сәуірден 15 қазанға дейін)

Толық ақпарат кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылған - www.almatysu.kz

ТАРАТУ

2. «Юбикьюти» ЖШС өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 13 үй, тел.: 87773700749.

3. «Қауас» АӨК (БСН 180240020393) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылдық округі, Ортақшыл ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 48 үй.

4. «Компания БМБ-81» ЖШС (БСН 200141030071) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылдық округі, Ортақшыл ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 48 үй.

5. «Аружан-Түр» ЖШС, БСН 011040007477 (Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 167 үй, кеңсе 29), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Щепкин көшесі, 7 үй, 55 пәтер. Тел. 87015595363.

6. «Zhanar Company» ЖШС, БСН 230540015568, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Шымкент қаласы, «Нұртас» ықшамауданы, Новостройка көшесі, 238 үй. Тел. 87024777378.

7. «MediaLand ST» ЖШС, БСН 101240002761, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әйтиев көшесі, 42/2 үй, 3 үй-жай, индекс 050026. Тел. 87772265107.

8. «Bambini AST» ЖШС (БСН 170240022104) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Алексей Петров көшесі, ғимарат 24, тел. +77019997939.

9. «ЭКОЛАЙН» ЖШС (БСН 031140005913) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз Ахун көшесі, 2 үй.

10. «MedRemZavod Holding» ЖШС, БСН 190540015796, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 19 үй. Тел. 87029449000.

11. «КазМонтажПроект» ЖШС, БСН 130540001775, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, индекс 050060, Бостандық ауданы, Өтепов көшесі, 21А үй, 52 пәтер. Тел. 87055550606.

12. «С.Д. Импорт Алматы» ЖШС, БСН 100840017638 (Қазақстан, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Республика даңғылы, 9/2 ғимарат, ВП-5), таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастан екі ай ішінде Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Момышұлы даңғылы, 12 үй, 602 каб. мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87127267294.

13. «AZAT GOLD» ЖШС, БСН 170740029145, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Ізтілеу Балмұханбетов көшесі, 66 үй. Тел. 87027290929.

14. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданының білім беру бөлімінің «Есім бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 130440031486) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 090105, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базаршолан ауылдық округі, Есім ауылы, Есім хан көшесі, 24. Тел. 8(71142)52118; 8(71136)92017.

15. «Аlem IT Сервис» ЖШС (БСН 051040002867), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 2 Вишневый көшесі, 1/3 үй, 3 пәтер.

16. «Қазақстан-Милосердие» қоғамдық қайырымдылық қоры, БСН 110940020366, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 64 үй, 2 пәтер.

18. «Pollicollect Holdings» ЖШС, БСН 200740007013 (Алматы қаласы, Достық даңғылы, 162 үй, н.п. 256, индекс 050051), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, қарасай батыр көшесі, 32/27. Тел: 8777335658.

27. «Заңғар» спорттық-шығармашылық орталығы» ЖШС, БСН 210840010445, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, қарасай батыр көшесі, 32/27. Тел: 8777335658.

28. «Oil and Gaz Progets» БСН 131140016434, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 4а ықшам-ауданы, 4 учаске.

29. «Металл Лайн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220740025243, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 481В үй, 121 пәтер.

30. «Agro Export Istok» ЖШС, БСН 190940000405, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, 5 ықшамаудан, 12 үй, 31 пәтер.

31. «Тамерлан-Кульсары» ЖШС, ЖСН 201040025069, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойыша қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, 52-көше, 228А үй. Тел. 87752798383.

32. «Зооветспектр» ЖШС, БСН 050240007052 (Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 19/2 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Тараз қаласы, Жамбыл даңғылы, 146 үй. Тел. 87262455108.

33. «New Study» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170840019805, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Тайқазан көшесі, 21 үй.

34. «Гео Строй Зем Проект» ЖШС, БСН 150340019398, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Төрөбай би көшесі 27 үй. Тел. 87712495794.

35. «QARASAY Security» ЖШС, БСН 221040022880, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Оның әрі қарайғы қызметіне коммерциялық мүддесін жоғалтуға байланысты тарату. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, «Нұрсая» ықшамаудан, 104 үй, 21 пәтер, тел. +77016828891.

36. «Karatay Me» ЖШС, БСН 190940022426, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 5 ықшамаудан, 17 үй, 23 пәтер, тел. + 77758888796.

37. «кз.ШАҚ.кз» ЖШС, БСН 220940013445, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 12 үй, 71 пәтер.

38. «Цифровой куб» ЖШС, БСН 131240012475, өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Алматы қ., Гоголь көш., 86, кеңсе 200 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8(712)2668869.

39. «Pegas Trade (Перас Трейд)» ЖШС, БСН 220940001570, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Т. Шевченко көшесі, 4/1, т.е. 17 (507 оф). Тел. 8(712)987149.

42. «Innovo Distri Kazakhstan» ЖШС, БСН/ЖСН 150240010836, заңды мекенжайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, Сарытау тұйығы, 2 үй, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел. 87027720007.

МҰРАГЕРЛІК

19. 2023 жылы 30 маусымда қайтыс болған Саруаров Бағлан Абайдинұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

20. 2022 жылы 19 ақпанда қайтыс болған Нәбишев Дүйсебайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

21. 16.06.2023ж. қайтыс болған Бекказиев Зейнелъгабул Аусатгевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері нотариус А.С. Сарсембаеваға келуі керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, «Мамыр-3» ықшамауданы, 22 үй, 30 пәтер. Тел.: 87017662956.

48. 2023 жылы 9 қазанда қайтыс болған Кенжеғалиев Аликбек Дюсенаевичтің аттына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе.

ӨРТҮРЛІ

17. «АТЕК Water Technology» ЖШС, БСН 200640027679, өзінің «Аквафор Профешнл Қазақстан» ЖШС-не, БСН 170740010421, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, 15. Тел. 87477773171.

22. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларына Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес, 2024 жылғы 15 қаңтарда сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2024 жылғы 15 қаңтарда аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысу құқығы бар қатысушылардың тізімі 2024 жылғы 12 қаңтардағы жағдайы бойынша жасалады.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген: 1. «Шығысэнерго» ЖШС жарғылық капиталын өсіру туралы. Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда қайта жиналыс өткізу күні - 2024 жылғы 22 қаңтар.

Серіктестік қатысушылары жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

23. Тарақанға қарсы дезинсекциялық іс-шаралар

Үйлерде тарақанның 2 түрі кездеседі: жирен (қызыл түсті) және қара. Тарақан негізінен түнде шығады, ал күндіз еден мен қабырғалардың саны-лауларына, ас үйдегі үстел, маңына, еденнің ернеу ағаштарына, плиталарға, жылу және су өтетін құбырларға, т.б. қуыстарға жасырынады. Азық-түлік және әртүрлі мата, жібек, жүн, қағаз қалдықтарымен қоректенеді. Тарақан азықты ластайды және сонымен бірге ішек құртының жұмыртқалары мен әртүрлі жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын (дизентерия, іш сүзегі, полиомиелит және т. б.) тасуы мүмкін. Тарақанмен күресу үшін олар жұмыртқа салатын барлық саңылаулар мен тесіктерді мұқият бекітіп, тамақ қалдықтарын жинап, азық-түліктің бетін жауып қою керек. Бұл паразиттермен күресудің көптеген жолдары бар. Соның бірі дезинсекциялау – адамды, жануарларды, үй-жайларды және аумақты жәндіктер мен басқа да буынаықтардан қорғау мақсатында оларды жою бойынша профилактикалық және жою іс-шараларының кешені.

Жәндіктерге (тарақандар) қарсы өңдеулер жиілігі объектінің қоныстануына байланысты жүргізіледі: Бұл осы жәндіктердің көпшілігін жоюды және олардың көбеюіне жол бермейді. Сонымен қатар, зиянкестерден жұқтыратын инфекциялардың таралуын болдырмауға көмектеседі. Бүгінгі күні белменің көлеміне және жәндіктердің санына байланысты зиянкестерді жоюдың бірнеше тиімді түрлері бар: 1) механикалық – механикалық әсер ету жолымен дезинсекциялау (үй-жайларды жинау, жуу, желдету, тазарту); 2) физикалық – физикалық әсерді (температура, газ, ультракүлгін, от) қолдану жолымен дезинсекциялау; 3) биологиялық – күресу үшін табиғи жағдайларға пайдалану жолымен дезинсекциялау; 4) химиялық – жәндіктер үшін қолайсыз жағдайлар жасауға, организм функцияларының бұзылуына және (немесе) жәндіктерді жоюға бағытталған химиялық заттарды қолдану арқылы дезинсекциялау.

**Б.Т. Полатова,
ҚР ДСМ СЗБК «ХСО» ШЖҚ РКМ
«Түркістан облысы бойынша
дезинфекция орталығы» филиалының
эпидемиолог көмекшісі**

24. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230540015398) өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 19.

25. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік емханасы» КМК, БСН 990240003342, Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 1 желтоқсандағы №9510 қаулысына сәйкес, КМК «Арқалық өңірлік ауруханасына» қосылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 86 мекенжайы бойынша қабылданады.

26. Ақмола облысы әкімдігінің 2023жылғы 29 қарашадағы № А-12/550 «Коммуналдық мемлекеттік мекемелерін қайта құру туралы» қаулысының негізінде «Ақмола облысы білім беру басқармасының Шортанды ауданы білім беру бөлімінің әдістемелік бөлмесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, БСН 230540006261, «Ақмола облысы білім беру басқармасының Шортанды ауданы білім беру бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021600, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Октябрдың 50 жылдығы көшесі, 91 үй.

40. «DI Elegant» ЖШ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– **Базаркүл Әубәкірқызы, Желтоқсан оқиғасы жайлы айтыңызшы. Ол кезде қазіргідей бір-біріне хабарлай қоятын электронды жүйе жоқ. Жастар алаңға қалай жиналды?**

– 1986 жылы мен 3-курс студенті едім. Шет тілдер университетінде оқып жүрген кезім. 1986 жылы 16 желтоқсан күні Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан алынды. Оның орнына Колбин тағайындалды. Бұны ести сала барлығымыз жаппай наразылығымызды білдірдік. Желтоқсан көтерілісі кезінде мен небәрі 22 жаста едім. Ешнәрседен қорықпаймыз. Алаңға да саналы түрде шықтық. Бәріміздің көзіміз ашық, көкірегіміз ояу. Жүрегімізде «неге қазақ елін өзге ұлт өкілі басқарады?» деген сұрақ тұрды. Владимир Ильич Лениннің «әр ұлт өзін-өзі басқаруы керек» деген сөзі бар. Сол сөзді баннерге жазып алдық. Бізге ешкім алаңға шығындар, көтеріліс жасаңдар деп үгіт-насихат жүргізбеді. Алаңға шыққан жастардың бойында намыс, қазақ елінің болашағына алаңдау бар еді.

– **Бұл наразылықтың соңы неге қантөгіске ұласты?**

– Біздер әуел баста алаңға бейбіт мақсатта шықтық. Қолымызда ешқандай қару жоқ, өз пікірімізді айтамыз дедік. Бірақ, бәрі басқаша болды... «Қонаев қайда кетті, өз еркімен кетті ме? Шақырындар. Өз аузынан естілік бәрің!», – деп айтып жатты жастар. Жастардың осы талабы уақыт өткен сайын буырқана шықты. Бірақ қарсы жақтан жауап болмады. Күн кешкіріп қалды. Сосын біздер «Ақ үйге жақын-дайық, Димекенді күшпен ұстап отырса, шығарып алайық!» – дестік. Біз ең алдыңғы қатарда тұрмыз, артымызда халық лық толы, бәріміз қол ұстасып алдық, «бізде қару жоқ, қарусыз адамға олар тиіспеуі керек! Тек провакацияға берілмеңдер!» – деп жайлап жылжып келе жатқанбыз. Алдымызда тұрған қалың әскерге «ВПЕРЕД!» деген бұйрық берілуі мұн екен, дубинкаларымен бізге қарсы жүгірді. Қарусыз адамға шабуыл жасамайды дегеніміз далада қалды. Қашамыз деп жастар бір-бірін таптады. Одан кейін бізді әскерилер қоршауға алып, ыстық су шашып күйдірді, одан кейін мұздай сумен қатырды. Мен қарсылық білдірмек болып ұмтылып едім, басқа тиген бірнеше соққыдан құладым. Есімді бір жисам 3-4 солдат сүйреп алып бара жатыр, біреу-

лері қос бүйірден теуіп келеді. Сол кезде көз алдыма видеокамераның жарығы түсті. Сондай қорқынышты түрімізді суретке түсіріп алды. Одан кейін арғы жағы есімде жоқ. Ес-түссіз құлаған жастарды қоқыс шығаратын мәшинеге тиеп, қаланың сыртындағы қоқысқа апарып лақтырған. Мен де екі күн осы өлі мен тірінің ортасында қоқыста жаттым.

Ағам мені әрбір түрмеден, ауруханадан іздеп, таппаған. Қоқыста жатқан жерімнен ағам мені киімімнен таныған. Бетім күйіп, ісіп, көкпеңбек болып, адам танымастай жатыр екенмін. Ағам қоқыстан шығарып, үйге алып келді. Дәрігерге де апармай, үйге шақырып емдетеді. Сөйтіп, өзіме-өзім келе бастағанда түрмеге қамалып кетпесін деп атымды өзгертіпті. Атыммен бірге балалық шақтағы арманым да көзден бұлбұл ұшты. Шетел тілі мұғалімі болғым келген. Желтоқсан көтерілісінен

дициналық техникумға оқуға түсіп, дәрігер мамандығын алдым. Одан кейін Кентау қаласы, Хантағы ауылына тұрмысқа шықтым. Маған жолдасым мен енем көп демеу берді. Алға қарай ұмтылуыма, Хантағы ауылының білікті дәрігері атануыма өз үлестерін қосты.

– **Германдық саяси қайраткер Отто Бисмарктың «Төңкерісті тұлғалар даярлайды, фанаттар жүзеге асырады, қызығын өзгелер көреді» деген ащы кекесінді тұжырымы бар еді. Осы сөздің қаншалықты ақиқаты бар деп ойлайсыз?**

– Бисмарктың айтқаны дұрыс деп ойлаймын. Расында да



Базаркүл ДАНИЯРОВА, «Желтоқсан-86» ұйымының мүшесі, дәрігер:

«ОТАНҒА ДЕГЕН МАХАББАТ БІЗДІ АЛАҢҒА АЛЫП ШЫҚТЫ»

кейін Алматыдағы шет тілдер институтындағы оқуымнан да, шығып қалдым. Атым өзгеріп түрмеден құтылғаныммен, «нашақор, маскүнем, бүлікші» деген айдардан құтыла алмадым. Желтоқсан көтерілісінің ақиқаты да осы. Осы көтеріліске қатысып, еліміздің тәуелсіздігін алуға мұрындық болған сол кездегі жас студенттер 37 жылға аяқ басса да, әлі толық ақталмадық. Әлі сотқа барып есеп беріп отырамыз. Сол кезде қоқыста қаншама ер азаматтар, қыздар жатты. Олардың бәрін шалажансар күйде жерге тірідей көміп, үстіне топырақ төгіп, жерді тегістеді. Жер қойнауында жатқан қаншама боздақ «бүлікші, нашақор, маскүнем» деген атты арқалап о дүниеге кетті. Неге сол адамдардың әруағы риза болуы үшін оларды толық ақтамайды.

– **Жаңа ат алған кейінгі өміріңіз жайлы айтыңызшы?**

– Базаркүл деген есімді алғаннан кейін туған жерім Қызылордаға бара алмадым. Себебі, анам менің желтоқсан көтерілісіне қатысқанымды, бізге тағылған айыпты естіп уайымнан екі бүктеліп қалды. Ауылға бармай бұрынғы Түркістан ауданындағы ме-

төңкерісті тұлғалар даярлайды. Тұлға деген өте үлкен мағына береді. Мен тұлға деп тек аты шығып, ел алдында жүрген адамдарды ғана айта алмаймын. Халық тұлғаны қолдан жасайды. Тұлғалар біздің ортамызда жүр. Көтерілісті тұлға деуге тұрарлықтай аты белгісіз болса да көзі ашық, көкірегі ояу жігіттер мен қыздар бастады. Біреу бізге сырттан көсем әкеп берген жоқ. Шынымен, фанаттар іске асырды. Халық кімнің сөзі өтімді болса, соған жығылады. «Қызығын өзгелер көреді» дегенге келісе алмаймын. Себебі, тәуелсіздіктің қызығын қазіргі таңда бәріміз көріп отырымыз, біздің кейінгі ұрпағымыздың да көретіні ақиқат. Қаншама жылдан бері ата-бабамыздың аңсап келген тәуелсіздігі екенін жастар ұмытпайды, түсінеді деген сенімдемін.

– **Базаркүл Әубәкірқызы, жастарды алаңға тек Қонаевтың қызметтен алынғаны туралы хабар алып шыға алмаса керек. Жалпы қазақ жастарын осындай биік рухпен империяға қарсы тұратындай жігерлі етіп тәрбиелеген қандай күш?**

– Сол кездегі Брежнев алаңына

шыққан әрбір жастың бойында еліне, жеріне, Отанына деген намыс, рух биік тұрды. Қазақ халқы өте зейінді. Бірақ, қой сынды момынбыз. Десек те, жеме-жемге келгенде бір тудың астынан табыламыз. Өйткені, бізде бабаның қанымен, ананың сүтімен сіңген қасиет бар. Ол қасиет – Отанға деген ерекше махаббат. Бізді алаңға алып шыққан да сол туған жерге деген сүйіспеншілік болса керек. Қазақ зиялыларының «Елім-ай», «Атамекен» және «Қара бауыр қасқалдақ» әндері мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» деген өлеңдері біздің бойымыздағы рухымызды, қайсарлығымызды, Отанға деген сүйіспеншілігімізді оятты. Егер біз сол кезде көтеріліске шықпай, біліктің шешіміне көнгенде күніміз не боларын елестете де алмаймын.

– **Елдің қазіргі жағдайына көңіліңіз тола ма?**

– Біз тәубешіл халықпыз ғой, барға шүкіршілік етеміз. Бірақ, «біз тәуелсізбіз» – деген сөздерді қайта-қайта айқайлап ұрандатудың қажеті жоқ деп ойлаймын. 32 жыл аз уақыт емес. Тәуелсіздік біздің санамызға сіңетін, еттен өтіп, сүйекке

жететін кез келді. Ал, біз әлі күнге жалтақпыз. Тәуелсіздігімізден гөрі тәуелділігімізге көбірек сенгіміз келіп тұрады. Биліктің өзі әлдебір тылсым күшке тәуелді секілді. Олай дейтін себебім, желтоқсан көтерілісіне қатысқан қанша адам әлі күнге дейін толық ақталмады. Халықтың ертеңгі күніне деген нық сенімі жоқтың қасы. Оларға шындықты айтатын ақпарат құралдары да кемде-кем. Телеарналар кілең қазақты масқаралайтын, қазақтың кемпір-шалдарын келеке етіп, еркегін әйел ғып киіндіруден басқаға фантазиясы жетпейтін, қазақты ақымақ, жабайы қылып көрсететін жын-ойнаққа толып кетті. Кілең ыржаң-тыржаң, өздері айтқан әзіл-сымақтарына өздері ыржалақтап мәз болады. Әлі күнге дейін телеарна мен газеттеріміз екі тілде шығарылады. Тәуелсіздік алып, толықтай қазақ тіліне ауыспады. Жоғарыда отырған басшыларымыз қазақша амандасып, баяндаманы орысша оқиды. Тәуелсіздіктің туын көкке желбіреткенімен, отаршыл-

дық саясатынан әлі де арыла алмай жүрміз.

– **Желтоқсан оқиғасы саяси бағасын алды ма?**

– Желтоқсан көтерілісі халқымыздың түйінді, қорытынды бас көтеруі болды. Бұл бүкіл төрткүл әлемді өзіне қаратқан нағыз қаһарман көтеріліс болып, КСРО-ның шаңырағын шайқалтты. Аллаға шүкір, Тәуелсіздігімізді алдық. Желтоқсаншылардың ақталуы оңай емесіне көзім жетті. Бірақ, біз алға қарай ұмтылдық, үмітімізді үзбедік. 2016 жылы бұл көтеріліске қатысқан қаншама адам ақталды. Оларға жабылған «нашақор, маскүнем, бүлікші» деген айыптаулар алынды. Мен осы сөзді естігенде бірінші анама қоңырау шалып, «Анашым, өзің айтпақшы, қаһарлы күндер өтті. Біз ақталдық. Бізге тағылған «нашақор, маскүнем, бүлікші» деген айыптаулар алын- ды» деп айттым. Сонда анамның екі бүктеліп еңкейген денесі кішкене болса да жазылды. Алла бұйырмаса Тәуелсіздіктің 40 жылдығында толық ақталамыз деген сенімдемін.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Раушан НАРБЕК

ТАҒЫМ

ІІО-ның ардагері, отставкадағы полиция майоры Жұмабек Нышанбайұлы желтоқсан куәгерлерінің бірі. Ол бізге сол бір ызғарлы күндер жайлы баяндап берді.

– 1986 жылдың 16-17 желтоқсаны әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Азаттық пен әділдік жолында қазақ жастары, қазақ елі өзінің елдігін, өзінің қандай рухты, қандай қайсар мінезді екенін көрсетті. Ол кезде мен Алматы зоотехникалық институтының екінші курсында оқитын едім. Алаңда жиналған жастар орталық жүйеге қарсы өз ойымызды, өз пікірімізді және қарсылығымызды білдірейік дедік.



17 желтоқсан күнгі алаңда орын алған оқиға қазіргідей көз алдымда. Алаңға жиналған жастар қатар тұрып, қазіргі әнұранымызға ай-

налған «Менің Қазақстаным», «Елімай» әндерін шырқаған кездегі алаңдағы барлық жастардың бойындағы рухты, әділетсіздікке деген қайсар-

лықты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Ол кезде біз бейбіт наразылыққа шықтық. Қазақ елін басқаратын қазақ азаматы елімізде бар дегенді білдіргіміз келді. Әнімізді шырқап, плакаттарымызды көтеріп ұрандатып тұрған кезде милиция қызметкерлері мен әскери қызметкерлер келіп ортада тұрған жастарды қоршауға алды. Біз бірге оқитын бір топ бала қасымызда тұрған қыздарды қолтықтай шырша жаққа қарай қаша жөнелдік. Қоршауда қалған жастар, биліктің халықты басу үшін құрылған әскеріне қарсы тойтарыс беруге оқталды. Әрине, қаруланған күшке қарсы тұратындай қарапайым халықта не қауқар бар дейсіз? Бірақ, бәрі де ұлтымыз үшін, намысымыз үшін, елдің бола-

шағы үшін бәріне төзді, – деп еске алады Жұмабек Нышанбайұлы.

Аталмыш оқиғадан кейін Жұмабек Қалдыбаев та өзге көтеріліске қатысушылар секілді қудалауға ұшырады.

– Желтоқсан оқиғасы біткеннен кейін бәрімізді тергеуге алды. Мені сол кезде аман алып қалған ұстаздарым, достарым еді. Сонымен қатар, менің комсомол мүшесі деген қағазым болды. Іс-әрекетімнен қылмыс таппаған болуы керек, әлде істі ары қарай апара алмаған шығар. Қалай болғанда да ол кездегі жағдай басқа, саяси ахуал бөлек еді. Тергеу кезінде көтеріліске қатысқан көптеген студенттердің тізімін көрсетті. Мен болсам, «бірде-біреуін танымаймын» дегеннен басқа

ләм-мим деп жақ ашпадым, – деп сол қаралы күндерді еске алды полиция майоры.

Көптеген жастар көтеріліс болғанда ұсталып, темір тордың арғы жағына тоғытылды. Алаңдағы барлық адамды соттау мүмкін емес еді. Бүгінде елімізде желтоқсан оқиғасына қатысқандардың басын біріктіріп, қоғамдық ұйым ашып алғандар өте көп. Әрбір қоғамдық қордың өз мөрі, өз бағыты бар болуы мүмкін. Бірақ, біздер осыдан отыз жеті жыл бұрын алаңға бір елдің мүддесі үшін шықтық қой. Қазір де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуіміз керек деп санаймын, – деді Жұмабек Қалдыбаев.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАН газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАН» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Атырау облысы
Алматы облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Ақтөбе облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Атырау облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Маңғыстау облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Қызылорда облысы	Шадиір Мекенбайұлы 87757335665
Түркістан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Зан газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5545 дана
Апталық таралым 11 090 дана

Тапсырыс №187 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Зан» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31